

**БҚАТУ**  
**Эмблемасы**

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан**  
**аграрлық-техникалық университеті**

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының биобиблиографиясы

**РЫСҚАЛИЕВ**  
**ТІЛЕКЖАН**  
**ХАСЕНҰЛЫ**

**Орал - 2018**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті  
Ақпараттық білім беру орталығы

**РЫСҚАЛИЕВ**  
**ТІЛЕКЖАН**  
**ХАСЕНҰЛЫ**

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал 2018



УДК: 012:87

ББК: 91.9:87

Р 95

Құрастырушы: Кудабоева Г.А., АББО аға кітапханашысы

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., АББО директоры

Рысқалиев Тілекжан Хасенұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.: Г. А. Кудабоева; шығ. жауапты А.Б.Есенаманова. – Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2018. - 49 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, әлемдік және отандық философия тарихының елімізге танымал ғалымы Т. Х. Рысқалиевқа арналған.

Көрсеткіште жинақталған материалдар профессор Т. Х. Рысқалиевтің еңбек және ғылыми-педагогтық қызметтегі жолын қамтиды. Басылып шыққан еңбектері әр жыл көлемінде, ішінде әріптік тәртіппен орналастырылған.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарына, білім алушыларға, кітапхана қызметкерлеріне арналады.

## Алғысөз

Тілекжан Хасенұлы Рысқалиев – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, әлемдік және отандық философия тарихының елімізге танымал ғалымы.

Биобиблиографиялық көрсеткіште профессор Т. Х. Рысқалиевтің ғылыми және ұстаздық қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, өмір жолының негізгі кезеңдері атап көрсетілген. Профессор Т. Х. Рысқалиевтің ғылыми еңбектері туралы Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Өтеген Таубаев, философия ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұрат Сәбиттің және философия ғылымдарының докторы, профессор С. Е. Нұрмұратов пікірлері келтірілген. Сонымен бірге профессор Т. Х. Рысқалиевтің «Қазақ философиясы туралы ой-толғау» деген дүниетанымдық, тағылымдық және «Қазақ философиясының үлгісін Абайдан табуға болады» деген тың мақалалары енгізіліп отыр. Арнаулы айдарда Т. Х. Рысқалиевтің жетекшілігімен қорғалған диссертациялардың тақырыптары көрсетілген. «Ғылыми еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші» айдарында 1969-2018 жылдар аралығында жарық көрген жұмыстар енгізілген, мәліметтер хронологиялық тәртіппен, ішінде әріптік түрде орналасқан. Барлық мәліметтер библиографиялық сипаттаманың мемлекеттік стандартына сай келтірілген, серіктес авторлары көрсетілген.

Профессор Т. Х. Рысқалиев туралы баспасөз бетінде жарық көрген мақалалар да енгізілді.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақпараттық білім беру орталығының каталогтары мен картотекалары және реферативтік журналдар пайдаланылды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарына, білім алушыларға, кітапхана қызметкерлеріне арналған.

Мәліметтер 2018 жылдың желтоқсан айына дейін жинақталған.

## Предисловие

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых ЗКАТУ имени Жангир хана.

Биобиблиография посвящена к юбилейной дате доктора философских наук, профессора Рысқалиева Тлекжана Хасеновича.

Материалы в биобиблиографии отражают трудовую и научно-педагогическую деятельность профессора Т. Х. Рысқалиева, далее приводятся основные даты его жизни и деятельности. Приведены статьи ученых-философов Казахстана о профессоре Т. Х. Рысқалиеве. Раздел «Научные труды» включает все работы ученого с 1969-2018 годы. Работы расположены в хронологическом порядке, внутри года в алфавитном.

Все описания произведены в соответствии с ГОСТами библиографического описания, соавторы указаны.

При составлении указателя были использованы реферативные журналы, каталоги и картотеки ЗКАТУ имени Жангир хана.

Указатель рекомендован ученым и специалистам, преподавателям, магистрантам и студентам. Отбор материала завершён в декабре 2018 года.

**Философия ғылымдарының докторы,  
профессор Т. Х. Рысқалиевтің өмірі мен ғылыми, педагогикалық және қоғамдық  
қызметі туралы очерк**

Тілекжан Хасенұлы Рысқалиев 17 желтоқсан 1938 жылы бұрынғы Орал облысы Орда ауданының Азғыр ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіріп, ауылда аздап еңбек етіп, әскер қатарында болып, 1962 жылы Киевтің Т. Шевченко атындағы Ленин орденді мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түседі. 1967 жылы университетті бітіргеннен кейін Ғылыми Кеңестің шешімімен аспирантурада оқуға жолдау қағаз алады. Бірақ отбасының жағдайына байланысты оқуды жалғастыра алмай, Оқу министрлігінің жолдамасымен Көкшетау педагогикалық институтында аға оқытушы болып қызметке кіріседі.

1968 жылдың қыркүйегінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтында аспирантураға емтихан тапсырып, күндізгі бөлімге оқуға түседі.

Аспирантураны бітіргесін, 1971 жылы Алматы медициналық институтының философия кафедрасына аға оқытушы болып жұмысқа орналасады.

1975 жылы Философия және құқық институтының диссертациялық Кеңесінде «Становление конкретного историзма Гегеля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

1976 жылы Ж. М. Әбділдин және басқа авторлармен бірлесіп, «Роль принципа конкретности в современной науке» деген монография жазады.

Ғылыми жұмысты жалғастыру мақсатында 1978 жылы Философия және құқық институтына аға ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады.

Т. Х. Рысқалиев 1999 жылы ҚР ҰҒА-ның Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық мәселесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Сол жылы «Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу)» деген монография жарық көреді.

1983 жылдан 2001 жылға дейін А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында (қазір М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) философия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

2001 жылы Алматы еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясының Орал филиалына ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып қызметке кіреді. 2002 жылы Ақтобе мемлекеттік университетінде философия мамандығы ашылуына байланысты сонда ауысып, философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істейді.

2001 жылы әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланады.

2004 жылдан Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде кафедра меңгерушісі, 2006 жылдан профессор болып қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен (2005 ж. 31 мамыр № 3 хаттама) Т. Х. Рысқалиевке философия мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы беріледі.

2005 жылы жарық көрген «Философия тарихына шолу» деген көлемді еңбегі (24 б.т.) оқытушылардың, магистранттардың, студенттердің іздеп жүріп оқитын құралына айналды. 2015 жылы «Философия тарихы» ҚР Білім және ғылым министрлігі ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған оқулық деп бекітіп ұсынды.

Профессор Т. Х. Рысқалиевтің жетекшілігімен бес кандидаттық диссертация қорғалып, қазір де бірнеше аспиранттары ғылыми жұмыстармен шұғылдануда.

Т. Х. Рысқалиев философияның, соның ішінде қазақ философиясының ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған өзінің мектебін құрды. Республикада бұл салада Т. Х. Рысқалиевтің беделі жоғары.

Профессор Т. Х. Рысқалиев отандық философияда алғашқылардың (Ғ. Есім, Ә. Нысанбаев, І. Ерғалиев, А. Қасабек, М. Орынбеков т. б.) бірі болып, қазақ философиясының өзекті мәселелерін (тарихы, ерекшелігі, негізгі мазмұны, бағыт – бағдары туралы) жан-жақты талдады. Қазақ философиясына бастайтын сара жолды анықтау мақсатында қазақ философиясында көтерілген экзистенциалдық мәселелерді, даналық пен түсініктің үлгілерін, Абай философиясының ерекшеліктерін қарастырды. Отандық философияда алғашқы болып Т. Х. Рысқалиев қазақ философиясының экзистенциалдық сипатын, даналық пен оны паш ететін түсінік арқылы, сұхбат арқылы жүзеге асатынын ашып көрсетті.

Т. Х. Рысқалиев көп жылдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының философия ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөнінде Д.53.01. диссертациялық кеңесінің мүшесі болды. 09.00.03 – философия тарихы мамандығы бойынша қорғалған бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялардың ресми оппоненті болып республикамыздағы ғылыми кадрлардың өсуіне өз үлесін қосты.

Т. Х. Рысқалиев көп жылдар КСРО Философия қоғамының Батыс Қазақстандық бөлімін басқарады.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін екі рет (1990 және 2006 жылдары) Ы. Алтынсарин медалімен марапатталады. Қазақ ССР оқу министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарына ие болған (1988, 2013 жж).

Т. Х. Рысқалиев 2012-2013 оқу жылыдарының қорытындысы бойынша университеттің үздік оқытушысы төс белгісімен марапатталды.

## Профессор Т. Х. Рысқалиевтің өмірі мен ғылыми қызметінің негізгі кезеңдері

<b>1938</b>	17 желтоқсан бұрынғы Орал облысы, Орда ауданы, Азғыр ауылында туған
<b>1947-1954</b>	Орал облысы, Орда ауданы, «Екпінді құрылыс» колхозының жеті жылдық мектебінің оқушысы
<b>1954-1957</b>	Орал облысы, Жаңақала ауданы, Жаңа Қазан ауылындағы С. М. Киров атындағы орта мектептің оқушысы
<b>1957-1958</b>	Орал облысы, Орда ауылындағы № 9 механизациялау училищесінің курсанты
<b>1958-1959</b>	Орал облысы, Жаңақала ауданы, «Екпінді құрылыс» колхозында тракторшы – комбайнер
<b>1959-1962</b>	Кеңес Армиясы Қарулы күштерінің қатарында борышын атқарды
<b>1962-1967</b>	Киев қаласы, Ленин орденді Т. Г. Шевченко атындағы мемлекеттік университетінің философия факультетінің студенті
<b>1967-1968</b>	Көкшетау қаласы педагогикалық институтының аға оқытушысы
<b>1968-1971</b>	Қаз. ССР ҒА Философия және құқық институтының аспиранты
<b>1971-1978</b>	Алматы мемлекеттік медицина институтының философия кафедрасының аға оқытушысы, доценті
<b>1975</b>	Философия және құқық институтында «Становление конкретного историзма Гегеля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация Қорғады
<b>1978-1983</b>	Қаз.ССР ҒА Философия және құқық институтының аға ғылыми қызметкері
<b>1983-1991</b>	А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының философия кафедрасының меңгерушісі
<b>1985</b>	КСРО ЖАК шешімімен философия мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді
<b>1988</b>	Қазақ ССР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды
<b>1990</b>	«БІ. Алтынсарин» атындағы медальмен марапатталды
<b>1991-1994</b>	Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының философия кафедрасының меңгерушісі



- 1995-1997** А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (кейін М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің) философия кафедрасының кейін әлеуметтік - гуманитарлық кафедрасының меңгерушісі
- 1996** А. С. Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің профессоры болып сайланды
- 1997-1999** Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясының Философия институтының аға ғылыми қызметкері (докторантура)
- 1999** ҚР ҰҒА Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық проблемасы» деген тақырыпта 09.00.03 – философия тарихы мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады
- 2000-2001** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі
- 2001-2002** Алматы еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясы Орал филиалының ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры
- 2001** Әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды
- 2002-2004** Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі
- 2004-2006** Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университетінің философия және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі
- 2005** ҚР Білім және Ғылым министрлігінің шешімімен философия мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді
- 2006** «БІ. Алтынсарин» төс белгісімен марапатталды
- 2006 -** - осы кезге дейін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетінің философия және әлеуметтану кафедрасының, кейін Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры

## Заманының озық азаматы

**Қазыбай БОЗЫМОВ,**

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың құрметті ректоры,  
ардагерлер кеңесінің төрағасы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ халқы «Даналық ойдан дән ізде» деп бекер айтпаған. Жалпы, даналықтың өзі де, көзі де – халық. Ал сол даналықты көкірек көзі ояу, түйсігі терең, жүрегі кең адам ғана көре алады, сезіне біледі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп жазады. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да Мемлекет басшысы өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі екенін айтады.

Биыл құрылғанына 55 жыл толған батыс аймақтағы ауыл шаруашылығы және техникалық білімнің қара шаңырағы – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жас ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар сіңіруде ұлттық құндылықтар мен жаһандық жаңғыруды бір-бірінен бөле жармайды. Осы орайда бар саналы ғұмырын білім-ғылымға және шәкірт тәрбиесіне арнаған ардагер-ұстаздарымыз бен ғалымдарымыздың үлесі орасан зор. Мен әңгімеме арқау еткелі отырған философия ғылымдарының докторы, профессор Тілекжан Хасенұлы Рысқалиев - ұлы даланың даналығын дәріптеген, оған ғылыми негіз берген, сексеннің сеңгіріне жетсе де, шәкірт тәрбиелеуден қол үзбеген, өмірлік жиған-терген тәжірибесімен ізінен ерген әріптестерімен бөлісуден аянып қалмаған және сонысымен де сыйлы, абыройлы, беделді нағыз ғалым, нағыз ұстаз.

1938 жылдың 17 желтоқсанында сол кездегі Орал облысы, Орда ауданының Азғыр ауылында дүниеге келген Тілекжан Хасенұлы 1957 жылы орта мектепті бітірген соң ауылда еңбек ете жүріп, әскер қатарына алынады. 1962 жылы Киевтің Т. Шевченко атындағы Ленин орденді мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түседі. 1967 жылы университетті бітіргеннен кейін Ғылыми кеңестің шешімімен аспирантураға жолдама алады. Бірақ отбасылық жағдайына байланысты оқуды жалғастыра алмай, Оқу министрлігінің жолдамасымен Көкшетау педагогикалық институтында аға оқытушы болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Араға жыл салып, Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институтының аспирантурасына оқуға түседі. 1975 жылы «Становление конкретного историзма Гегеля» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, 1976 жылы басқа авторлармен бірлесіп, «Роль принципа конкретности в современной науке» атты алғашқы монографиясын жазады. Ал 1999 жылы ҚР ҰҒА-ның Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық мәселесі» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Сол жылы «Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу)» монографиясы жарық көреді. 1983 жылдан 2001 жылға дейін А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында, 2001 жылы Алматы еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясының Орал филиалында, 2002 жылы Ақтөбе мемлекеттік университетінде қызмет істейді. 2001 жылы әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланады. 2004 жылдан

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде кафедра меңгерушісі, 2006 жылдан профессор болып қызмет атқарады.

Философия – даналық туралы ілім. Қазақ даласында дана, данышпандар аз болмаған, бірақ кешегі тарихымызда даналарды өзге жұрттан іздеу дәстүрге айналып, өзіміздің кім екенімізді біліп, танымаған заман болды. Осы мәселені жанымен сезінген Тілекжан Хасенұлы «Даналық пен түсініктің үлгілері» деген тамаша кітап жазды. Демек, тоқсаныншы жылдардан бері әдебиетімізде түсінік мәселесін қойып, жан-жақты талдап келе жатқан, даналық пен түсінік арқылы әлем философиясынан қазақ философиясына тура жол тартқан, тұңғыш рет қазақ философиясының экзистенциалдық сипатын ашып берген елімізге танымал философ Тілекжан Хасенұлы болды деп айтуға толық хақымыз бар.

Әлемдік және отандық философия тарихының танымал зерттеушісі, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, биік бітім-болмысымен дараланған Тілекжан Хасенұлы білім мен ғылым саласында университет деңгейінде ғана емес, республикада да шоқтығы биік философтардың қатарында. «Тіл және философиялық пайымдау», «Тарихи тұлға», «Қазақ философиясының төл тақырыптары», «Дін – жүрек пен ақылдың ісі», «Тарихтың философиялық түсінігі», «Мәңгілік ел идеясының философиялық астары» тақырыбындағы көптеген ғылыми жұмыстардың авторы. Не жазса да, мәселені ашуда терендік пен көпшілік оқырманға жетерліктей ұғымдылықты ұштастыра біледі. Оның «Рухты іске қосатын кез жетті», «Көпке ұнаған адам», «Әйіп ата өнегесі», «Сана болмысты билесе, құп», «Конституция – еліміздің басты құжаты» сынды мақалалары республикалық, облыстық газет-журналдарда жарияланған.

Тілекжан Рысқалиев ұзақ жыл КСРО Философия қоғамының батысқазақстандық бөлімін басқарды. Ғылым-білім саласындағы қажырлы еңбегі лайықты бағаланды. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін екі рет (1990 және 2006 жылдары) Б. Алтынсарин медалімен марапатталды. Қазақ КСР Оқу министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарына ие болды (1988, 2013 ж. ж). 2012-2013 оқу жылдарының қорытындысы бойынша университеттің үздік оқытушысы төсбелгісімен марапатталды.

Ол - жаңа идеяның, тың ойдың адамы. Ол - өмір бойы ізденетін, егер басына жақсы бір ой түсе қалса, оны одан әрі байытып әкететін адам. Бұл – ғылым жолындағы адам үшін өте қажет қасиеттердің бірі. Ағамыздың кісілігі мол, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлайды. Тағы бір үлгілі қасиеті – уақытты өте қадірлейтіндігі. Аянбай еңбек етуге дағдыланған адам. Тілекжан Рысқалиев - ғалым ретінде ғана емес, адам ретінде де кафедра оқытушыларының кәсіби тұрғыдан шыңдалып-жетілуіне үлкен үлес қосқан ұлағатты ұстаз. Оның қарапайымдылығы мен мәдениеттілігін және адамды негізінен ынтасына қарап бағалауын өзіне баурап алатын кішіпейілділігінен аңғаруға болады. Университеттегі жаңадан ашылған рухани жаңғыру кафедрасының профессоры ретінде де жастарды Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың өміршең идеяларын жүзеге асыруға жұмылдыруда.

Тілекжан Хасенұлының өмірі мен қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымыздың индустриялық-инновациялық стратегиясының аясында ғылым жолын қуған жастар үшін үлгі-өнеге деп білеміз. Қазақ философиясына оның сіңірген еңбегі өте ауқымды. Бір өзі бір дәуірге тән барша игі қасиетті бойына сіңірген, заманының озық азаматы бола білген ағамызды жас ұрпақ өнеге тұтады. Ағамыздың ғылым жолында еңбегімен танылып, ерекше көзге түсуінде оның қашан да, қай кезде де қасынан табылып, жан жары ғана емес, сүйеніші, жанашыры бола білген Полина жеңгейдің еңбегі зор. Қазіргі уақытта екеуі екі ұл, екі қыз өсіріп, олардан өрбіген немере-жиендердің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

## Қазақтың Сократы

Өтеген Таубаев,

Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор

Сіз оны қашанда күлімсіреген қалпында көресіз. Жылылық пен мейрімге толы көздеріне қарап, «Көз – көңілдің айнасы» деген сөздің дұрыстығына тағы бір мәрте көз жеткізгендей боласың. Бұл азамат – өлкемізге ғана емес, елімізге танымал ғалым, философия ғылымдарының докторы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры Тілекжан Рысқалиев.

Тілекжан Хасенұлы 1938 жылы 17 желтоқсанда сол кездегі Орал облысы, Орда ауданына қарасты Азғыр ауылында дүниеге келіпті. Еңбек жолын Жаңақала ауданында тракторшы-комбайншы болып бастады. Ал әскери борышын өтеген соң, алыстағы Украина еліне жоғары білім алу мақсатында аттанады.

XX ғасырдың алпысыншы жылдары философия қазақ ауылы тұрмақ, қала жастарының арасында да соншалық танымал мамандық болған жоқ. Сондықтан Тілекжан ағаның Киев қаласындағы Ленин орденді Т. Шевченко атындағы мемлекеттік университеттің философия факультетіне оқуға түсіп, даналық туралы ілімді өмірлік кәсіп етіп таңдауы сол кез үшін шынымен де қалыптан тыс жағдай болатын.

Аталған университетті 1967 жылы аяқтаған Тілекжан аға Көкшетау пединститутында, Алматыда медициналық институтта, Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтының аспирантурасында жұмыс істеді, оқыды, ізденді. Оның 1975 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясының тақырыбы «Становление конкретного историзма Гегеля» еді. Ал 1999 жылы ҚР ҰҒА-ның Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық проблемасы» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 2001 жылы Әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі болып сайланды. 2005 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғарғы аттестаттау комитетінің шешімі бойынша философия мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

Т. Рысқалиев өз өмірінде ұстаздық пен ғалымдықты тең ұстап келеді. 40 жылдық ғылыми-педагогикалық қызметінде түрлі лауазымды міндет атқара жүріп, өзі жеке және әріптестерімен бірлесе 100-ден аса ғылыми еңбек жариялады.

Ол таңдаған жолы мен ісіне жан-тәнімен берілді. Батыс философиясын жан-жақты, терең меңгере отырып, осы білімі арқылы қазақтың халықтық дүниетанымын зерделеп, оны ғылым пәніне айналдырды. Ол даналыққа негізделген қазақ философиясы туралы өткен жүзжылдықтың тоқсаныншы жылдары мәселе көтерген алғашқы отандық ғалымдар қатарында болды. Ол – даналық пен түсініктің қырларын жан-жақты зерттеп, әлем философиясы шеңберінде қазақ философиясының экзистенциялық сипатын ашып берген тұңғыш философ-ғалым. Ғалымның көп жылғы еңбегі «Даналық пен түсінік үлгілері», «Философия тарихына шолу» деп аталатын құндылығы аса жоғары көлемді оқулық болып жарық көрді. 2015 жылы Алматыдан Тілекжан Хасенұлының «Философия тарихы» деген көлемді оқулығы жарық көрді.

«Ұлы нәрсені оқып, құмарынды қандыруға ұлы мәдениет керек» дейді Шыңғыс Айтматов. Тілекен де батыс, орыс, қазақ философиясының, сондай-ақ Монтень, Данте, Паскаль, Руссо, Кант және т.б. ілімдерінің экзистенциялық сипатын ашып, оны тың ойлармен талдап, соны тұжырымдармен саралап бере алды.

Ғылымда даңғыл жол жоқ. «Еждиһатсыз, михнатсыз, табылмас ғылым сарасы» деп, данышпан Абай текке айтты дейсіз де?! Еңбексіз, бейнетсіз келген ғылымда тазалық пен даналық болмайды. Пендешілігінен гөрі адамгершілігі басым, нағыз ғылым адамының саликалы, салмақты ойға құрылған дәрістері студенттер арасында сүйкімді дәріскер атандырды.

Бұл азаматты замандастары «қазақтың Сократы» деп сыйласа, іні-қарындастары мен шәкірттері жанашыр аға, ұстаз деп қадір тұтады. Оның бір себебі - Тілекеңнің кішіге қамқор көңілінде, қай нәрсені де кеңінен пішетін кемел даналығында жатса керек-ті.

Осы кезге дейін артық дәулет жимапты. Бар байлығы - балалары мен жиған кітаптары. Кейде қолын «түу-у» деп бір сілтейтіні бар, ең қатты ашуланғаны сол. Бірақ сәлден кейін жадырап сала береді. Жас демей, үлкен демей, бәріне бірдей кішіпейіл. Таза жүріп, таза тіршілік кешетініне таңданасың, сүйсінесің. Қомағайларды, жағымпаздарды, күншілдерді, екіжүзділерді, әрине, жек көреді, алайда олар мен ашық айқасқа шыққан емес, немқұрайдылық деуге болмас мұны, табиғаты солай. Іштей жек көреді, олардан өзін аулақ ұстауға тырысады.

Соңынан шәкірт ермесе, ұстаз еңбегінің текке кеткені. Ал қазіргі философия және әлеуметтану кафедрасының барлық оқытушысын Тілекжан ағаның шәкірттері деуге болады. Оның жетекшілігімен 5 ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін сәтті қорғап шықты. Айтулы ғалым жеке өмірінде де бақытты. Жұбайы Полина апаймен бірге екі ұл, екі қыз тәрбиелеп-өсіріп, сегіз нереме-жиеннің қызығын көріп отырған үлгілі шаңырақ иесі.

Т. Рысқалиев ұзақ жыл бойы ҚР Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының философия ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Философия тарихы мамандығы бойынша бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялардың ресми оппоненті болып, еліміздегі ғылыми кадрлардың өсуіне өз үлесін қосты. Жемісті ғылыми-педагогикалық қызметі үшін Ы. Алтынсарин медалімен, Қазақ КСР Оқу министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Міне, отандық философия ғылымына бергені мол, берері де аз емес ұстаз-ғалым кісілігіне кір шалдырмай, 80 деген кемел жасқа келіп отыр. Мерейтойы қарсаңында Тілекеңнің мәнді ғұмыры жалғасып, жастан-жасқа жете беруіне тілектеспін.

## **Қарапайым ғалым, философ**

**Мұрат Сәбит,**

философия ғылымдарының докторы, профессор,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Мен әңгіме еткелі отырған досым Тілекжан Хасенұлы екеуміз құрдаспыз деуіме болады. Мен одан екі ай бұрын туыппын. Жақында мерейтойыма байланысты Тілекжан «Президент және халық» деген газетте «Көпке ұнаған адам» деген мен туралы мақала жариялады. Енді оның мерейтойына байланысты менде өз ойымды білдіргім келеді. Қарымта үшін емес, реті солай болған соң.

Тілекжанмен жалындаған жас шағымызда ұзақ жылдар бірге жұмыс істедік. Бір-бірімізге сүйеніш болдық, кем-кетігімізді ашық айтып, түзелуге тырыстық. Философия ғылымдарының кандидаты, докторы дәрежесіне, сосын профессорлық атаққа қатар жеттік. Қатарласа Ғылым Академиясының философия және құқық институтында аспирантурада оқыдық, ғылыми қызметтес болдық, медицина институтында бірге сабақ бердік. Тілекжан досымның ғалым екендігіне оның

кітаптарын, мақалаларын оқыған, дәрістерін, сөздерін тыңдаған адам еш күмәнданбас деп ойлаймын. Бұл кісінің нағыз ұстаз, жетекші, тәрбиеші екендігіне шәкірттері, әріптестері, алдынан өткен мыңдаған студенттер куә бола алады. Өзі пір тұтатын Сократқа ұқсап, Тілекең жиған-терген білімін адамдарға түсінікті етіп жеткізуге бар күш жігерін жұмсап келеді.

Тілекеңнің кісілігіне, басқаларға болса екен деген оң пейіліне оны білген, ақылдасқан, жұмыстас болған адамдардың талай көзі жеткен. Тілекжанның достығы, адалдығы туралы менің айтқан сөзіме, мектепте бірге оқып, осы кезге дейін қарым-қатынасы үзілмеген достары да, әріптес, қызметтес болып сыйласқан адамдар да қосыларына еш күмәнім жоқ. Кісіліктің белгісі - қарапайымдылық болса керек. Тілекжанның қарапайымдылығы біреу-міреудің алдында кішіреюі емес, жоқ, өзін-өзі білетін, өмірден өзіне лайықты орын тапқан, өзін-өзі сыйлайтын, өзін басқаларға мойындатқан, өзіне-өзі сенімді адамның қарапайымдылығы. Мұндай адам басқаларды сыйлай да, бағалай да біледі. Тілекең ешкімді алаламайды: біреу әкім, басшы, біреу ғалым, академик, біреу қарапайым жұмысшы, жүргізуші деп әркімге әртүрлі қарау-ол үшін ақылға сыймайтын нәрс. Өмірде кездейсоқ жәйттар кездесіп жатады. Тілекжанның ғалым-философ ретіндегі болмысын барлап қарағанда, оның мектептен кейін механизация училищесінде оқығаны, сосын екі жылдай ауылда тракторшы болғаны келеңсіз кездейсоқтық па деп ойлаймын. Мектепте үздік оқыған, кішкентайынан әдебиетке құмар болған адамға механизаторлық мамандық үйлеспейтін сияқты көрінеді.

Үш жыл қатарынан теңіз жауынгері (моряк) болып әскери міндетін атқарғаннан кейін Алматыға келіп, тарих факультетіне құжат тапсырғанын кездейсоқ демесек те, тарихшы болып бүгінгі дәрежеге жетерме еді деп, бұған да күмәндануға болады. Емтихан сынақтарын ойдағыдай тапсырып, тарих факультетіне түсейін деп тұрғанда Министрлік тарапынан орталық жоғары оқу орындарына, атап айтқанда, Киев университетінің философия факультетіне барып оқуға ұсыныс түсуі, оған 24 жастағы естияр Тілекжанның келісім беруі, сөйтіп, Киевте оқып философ болып шығуы оңды, сәтті кездейсоқ осы болды деп айтсақ қателеспейміз. Сол кездегі философтарды даярлайтын оқу орындарының ішінде Киев университетінің философия факультеті жаңашыл, ізденуге, еркін ойлауға мүмкіндік беретін озық оқу орны болғанын айта кету керек. Мұнда П. В. Копнин, В. И. Шинкарук, В. А. Босенко, М. Булатов сияқты аса білімді, талантты, профессор-оқытушылар жұмыс істеді. Философия мамандығын таңдаған соң Тілекжанға нағыз философ болып шығудың жолдарын іздестіру керек болды. Ал философ болу үшін, философия тарихын тыңғылықты игеру керек. Сол кездегі түсінік бойынша маман философ болу үшін Гегельді оқып меңгеру керек. Үшінші курста философия мамандығының нақты бір саласын таңдау қажет болғанда Тілекең, әрине, философия тарихын таңдайды. Гегель ілімімен тиянақты айналысуға бел буады. Үшінші курста Гегельден курстық жұмыс, бесінші курста дипломдық жұмыс жазып қорғайды. Көп кешікпей аспирантураға түскен соң «Становление конкретного историзма Гегеля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Орыс философы М. Бахтиннің айтқан сөзі бар: «Нағыз философтар, әрине, Германияда. Ресейде ойшылдар ғана болған» деген. Біздің Тілекең Гегельді оқып игеріп, нағыз философ болды деп айтуға болады. Бірақ Тілекжан қазақ философы екенін есте де естен шығарған жоқ, Кеңес заманында қазақ философиясы туралы әңгіме болған жоқ. Қазақ сияқты көшпелі халықта философия болған жоқ деген түсінік басым еді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін Тілекең алғашқылардың бірі болып қазақ философиясы туралы мәселе қойып, қазақ философиясының философиялық сипаты, ерекшеліктері, әлемдік философияға қатысы туралы мақалалар жариялап,

конференцияларда баяндамалар жасады. Қазақтарда философия болған және бар, қазақ философиясы әлемдік философиядан лайықты орын алады деген ойын көпшілік алдында дәлелдеуге күш салды. Әрине, қазақтарда Кант, Гегель сияқты кәсіби философтар бұрын болған жоқ. Бірақ Бахтин айтқандай, ойшылдар болды деп, Тілекжан айтты да, жазды да. Философия, дейді Тілекжан Хасенұлы, тек қана ғылым, теориялық жүйе және соны құрайтын онтология, гносеология, методология сияқты нәрселер емес. Философия- ең алдымен даналық. Қазақтың билерін, шешендерін, Абайды, Шәкәрімді тұнып тұрған даналық деп тануға болады дейді Тілекжан. Даналықтың үлгілерін қазақтың қара өлеңінен, мақал-мәтелдерінен де таба аламыз.

Тілекжан Хасенұлы философияны даналық деп қана қоймай, даналықтың нақты көрінісі ретінде түсінікті алға тартады. Даналық пен түсінік бірін-бірі толықтырып тұрады. Отандық философияда Тілекжан алғашқы болып философияға түсінік деген анықтама беріп, түсінік мәселесіне арналған мақалалар жазды. Тілекжанның бір монографиясы «Даналық пен түсініктің үлгілері» деп аталады. (Алматы, Ақыл кітабы, 1999 ж.). Қазақ ойлауында, деп атап көрсетеді біздің философ, даналық та, даналықты паш ететін терең түсінік те бар.

Тілекжан Хасенұлы отандық философияда алғашқы болып қазақ философиясының экзистенциалдық сипатына назар аударды. Экзистенциалдық мәселелер тек Батыста емес, тек ХХ ғасырда емес, философия тарихында, грек, қытай, үнді философиясында ертеден бері қойылып, қарастырылып келе жатқанын философия тарихына нақты шолу жасап, өзінің кітаптарында, әсіресе, Білім және Ғылым министрлігі жоғары оқу орындарына ұсынған «Философия тарихы» деген оқулығында көңілге қонымды түрде баяндаған болатын. Әңгіме өмір, өмірдің қайшылықтары, Абай айтқандай, «адамның кейбір кездері» - қуанышы, реніші, өкініші, ар- ұяты, таңдауы туралы болып отыр. Осылар төңірегінде ойланбаған қазақ ойшылдарын табу қиын деп атап көрсетеді Тілекжан Хасенұлы. Қазақ философиясын әлемдік философия қатарына қосатын тағы бір сара жол-бұл, Тілекжанның пікірінше, сұхбат, айтыс, пікірталас, сұрақ-жауап дәстүрі, шешендік өнер. Қазақ билерінің, шешендерінің, ақын-жырауларының бізге жеткен сөздері, Абай мен Шәкәрімнің туындылары әрі көркем, әрі терең мәнді сұхбатқа, сұрақ-жауапқа толы болып келеді және қазақ ойлауындағы сұхбат, айтыс, сұрақ-жауап алдын-ала даярлықсыз, суырып салма күйінде төгіліп жатады. Әрине, мұның түбінде адам, дүние, өмір-өлім туралы терең ой жатыр.

Гегель айтқан екен: «Адамның өмірде мақсаты болса және сүйікті жары болса, ондай адамда бәрі бар деп айтуға болады» - деп. Тілекжанды өне бойы алға жетелеген мақсаттары болды және оның сол мақсаттарына жетуге қажетті жағдайлардың бәрін жасаған, осы кезге дейін жасап келе жатқан мектепте бірге оқыған сүйікті жұбайы Полина екенін білмейтін Тілекжанның айналасында ешкім болмас. Бұлардың махаббаты айтарлықтай баянды болды деуіме дәлелім көп. Мен Тілекжандай ақылды, білімді, байыпты, елге де, жүрген жеріне де сыйлы досым болғанына көптен бері риза болып келемін. Досым Тілекжанға, жұбайы Полинаға, туған-туыстарына, бір кезде бізді-Алматыдан барған достарын қошеметпен қарсы алған достарына, жалпы Орал өңірінің азаматтарына келе жатқан жаңа 2019 жыл құт-береке әкелсін, денсаулықтарың мықты болсын, еңбектерің жемісті болсын деген тілек айтамын.

Тілекжан, мерейлі жасың құтты болсын, жасыңа жас қосыла берсін!

## **Даналық ілімнің сыбызғысын сарнатқан**

**С. Е. Нұрмұратов,**  
философия ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ оқырмандарын даналық пен түсініктің айшықты үлгілеріне бөлеп, қазақ тілінің шұрайлы өрнектерін алға жайып салған және оның философиялық мүмкіндіктерін айқара ашып жүрген Орал өңірінің азаматы Рысқалиев Тілекжан Хасенұлы жастарға қазақи тәлім - тәрбие бере білген азамат.

Үлкенді сыйлау, біреудің ала жібін аттамау, әділдікке бас ұру, таза, адал болу әлсізді мүсіркеу, қол ұшын беруге әрдайым даяр болу, инабатты өмір салтына ден қою, міне бәрі қазақи тәрбиенің астарында жататын.

Қазіргі кезде Қазақстанда қуанышқа орай, кәсіби философтар баршылық. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары академик Ж. М. Әбділдин құрған философиялық мектептен түлеп ұшқан философтар республикамыздың әр тұсында даналық ұрығын сеуіп, қызмет атқарып жатқаны белгілі. Тілекжан Хасенұлы бүкіләлемдік философиямен қатар қазақ философиясының да тың мәселелерін тереңнен қозғап, оның дамуына үлес қосып келеді. "Қазақта философия болған ба?" – деген сұрақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қайталанып отырды. Қазақта философия ерте заманнан бері болған, бола бермек деп санап, қазақтың кең даласына тән философиялық сарынға ден қойып, оның әлі де ашылмаған терең сырларынан мағұлмат беріп, болашағының зор екенін айта білген осы Тілекжан Хасенұлы еді. Ол өзі қызмет істеп жатқан Орал қаласында елімізде алғаш болып жалпы білім беретін философиялық мектеп ашты. Оның философиялық мектебі бірінен-бірі қалмай қатар жүретін даналық пен түсінікке бағытталады. Тілекжан осы екі ұғымның философияның тәлім – тәрбиелік маңызын аша түсетін қағида болатынын дәлелдеді. Ол қызмет жасаған Көкшетау педагогикалық институты да, туып - өскен жері Ақ Жайық та орыстарға жақын болатын. Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтының аспирантурасында оқып, кандидаттық диссертациясын академик Ж. М. Әбділдиннің басқаруымен қорғап, осында бес жыл қызметте болады. Алматы медициналық институтына ауысып, 1983 жылға дейін сонда дәріс береді. Сол жылы туған жері Орал өңіріне қайта оралып, Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде, ауылшаруашылық институтында кафедра меңгерушісі, Еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болып істеді. Қазір Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде профессор қызметін атқарады. Қазақ тілінде докторлық диссертация қорғап, ең жоғары ғылыми дәрежеге қол жеткізді. Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Ы. Алтынсарин медалімен марапатталған ғалым-педагог, ғылыми монографиялар мен оқу құралдарының авторы. Сексеннің қырқасына енді шыққан доктор, профессор, академик Тілекжан Хасенұлы даналық ілімінің сыбызғысын сарнатып, жастарды оқу-білімге, даналық пен түсінік жолына үйретіп, өзінің сүйікті мамандығын, шығармашылығын одан әрі жалғастыруда.

## **РЫСКАЛИЕВ Т. Х.: ЧЕЛОВЕК, УЧЕНЫЙ, ФИЛОСОФ, НАСТАВНИК**

**Айгуль Джакупова,**  
старший преподаватель,  
магистр кафедры «Профессиональное и техническое обучение»  
ЗКАТУ им. Жангир хана

17 декабря 2018 года доктору философских наук, профессору Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана Тлекжан Хасеновичу Рысқалиеву исполняется 80 лет. От всего сердца поздравляю Тлекжан Хасеновича со славным юбилеем! Тлекжан Хасенович является авторитетным ученым, специалистом, наставником, а главное, мудрым и отзывчивым человеком, который за



долгие годы работы в нашем вузе многим дал путевку в жизнь, поддерживал и направлял, помогал добрым, житейским советом и поступками. Он всегда подавал нам пример человека жизнелюбивого, преданного семье, внимательного по отношению к коллегам и друзьям. Несмотря на свою серьезность и солидность, Тлекжан Хасенович очень сентиментальный и тонко чувствующий человек, ценитель и знаток философии жизни, обладающий прекрасным чувством юмора.

Эта статья - дань благодарности уважаемому Учителю, мудрому советнику, философу Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, профессору Т. Х. Рыскалиеву, который отмечает 80-летний юбилей.

Каждый человек приходит в этот мир для выполнения какой-то миссии, особой работы, которую может сделать только он. В любом деле, в самой рутинной работе творческая личность может найти смысл и превратить ее в любимый труд. Творческая личность любит свою работу, какой бы она ни была.

В этом отношении интересна притча о трех строителях. Один старик, проходя мимо трех строителей, спросил у каждого: «Что ты делаешь?» Первый ответил: «Не видишь, кладу кирпичи». Второй сказал: «Это моя работа, я зарабатываю себе на жизнь». А третий: «Я строю красивый дворец». И у третьего работа спорилась лучше, чем у других. Он был удовлетворен ею. Он работал с удовольствием, глаза его сияли, движения были точны и красивы. Это был мастер своего дела. Он любил свою работу. К тем, кто занимается любимым делом можно отнести профессора Тлекжана Хасеновича Рыскалиева. Этого человека можно назвать успешной творческой личностью, потому что даже в самой простой работе он находил смысл и радость жизни.

Т. Х. Рыскалиеву как и каждой успешной творческой личности приходилось преодолевать трудности, но от этого он становился только сильнее, мудрее, одухотвореннее. Все свои трудности преодолевая с честью, он создавал крупицу успеха, крупицу своей личности шаг за шагом.

Тлекжан Хасенович родился в многодетной крестьянской семье на урдинской земле, его детство пришлось на трагические годы Великой Отечественной войны. Его отец участник Великой Отечественной войны, за мужество и героизм он был награжден орденом Отечественной войны I и II степени, его солдатский подвиг был отмечен десятью благодарностями И. В. Сталина. Несмотря на тяготы послевоенного времени, родителям Тлекжана Хасеновича удалось дать образование своим детям. После окончания средней школы Тлекжан Хасенович получает профессию механизатора в ремесленном училище и затем работает трактористом-комбайнером в колхозе. Отслужив в Советской Армии 3 года, Тлекжан Хасенович в возрасте 24 лет поступает на философский факультет Киевского государственного университета имени Т. Г. Шевченко, одного из старейших и лучших вузов страны. Хочется обратить внимание на тот факт, что из 50 студентов III курса факультета только 5 студентов выбрали сугубо философскую специализацию, среди которых был и Тлекжан Хасенович. Остальные студенты специализировались по «научному коммунизму», «научному атеизму».

По окончании университета он был направлен на работу в педагогический институт г. Кокшетау, где был принят на должность старшего преподавателя. В этом молодом вузе ему пришлось преподавать все социально-гуманитарные дисциплины, набираться опыта. Через год Тлекжан Хасенович становится аспирантом Института философии и права Академии Наук КазССР и по истечении времени защищает кандидатскую диссертацию по философии Г. Гегеля. В течении нескольких лет он преподает в Алматинском государственном медицинском институте и затем становится старшим научным сотрудником Института философии и права Академии Наук КазССР.

В 1983 году Тлекжан Хасенович возвращается в Уральск и его назначают заведующим кафедрой философии Уральского педагогического института им. А. С. Пушкина.

Накануне второго тысячелетия он защищает докторскую диссертацию на тему «Проблема мудрости в истории философии», а в 2005 году ему присваивается Комитетом по надзору и аттестации в сфере образования и науки МОН РК ученое звание профессора.

Все свои способности и силы Тлекжан Хасенович отдает преподаванию философии студентам и магистрантам. На своих занятиях он раскрывает мудрость Сократа и Абая, глубину и широту философских воззрений Платона и Ч. Валиханова, гуманистический пафос религиозной философии Августина Блаженного и Шакарима, просветительский характер философии Ж. Ж. Руссо и Ы. Алтынсарина. Он стремится не только дать студентам основы философских учений, но и будит в них интерес к жизненным вопросам бытия человека, к духовному наследию нашего народа, стремится сформировать у студентов осознанное отношение к своей жизни, к своему предназначению. Все силы Тлекжана Хасеновича направлены на развитие духовно-нравственного мира студентов. Его учебник «Философия тарихы», изданный в Алматы, служит не одному поколению студентов. В нем в доступной форме изложены труднейшие для понимания проблемы. Тлекжан Хасенович использовал все богатство литературного казахского языка. В обычной, кропотливой и систематической работе Тлекжана Хасеновича как преподавателя утверждаются высшие ценности добра, блага, справедливости, гуманности, на которые постоянно обращает внимание философия.

Научная работа Тлекжана Хасеновича отличается новаторством и творческим подходом. Гегель говорил, что «Философия есть эпоха схваченная мыслью», есть квинтэссенция своего времени, а К. Маркс утверждал, что философия - это душа культуры. И когда встала задача возрождения духовной культуры казахского народа, преданной забвению в годы господства марксистско-ленинской парадигмы, Тлекжан Хасенович одним из первых обратился к исследованию новой для того периода проблемы: философия как мудрость и понимание. Его монография «Образцы мудрости и понимания» была встречена философской общественностью республики с большим одобрением. Эта направленность философских изысканий в полной мере проявилась в исследовании казахской философской мысли. 150 философских работ Тлекжана Хасеновича стали ответом на запросы нашего времени, в них отразились духовные потребности и интересы нашего народа.

По программе «Культурное наследие» совместно с другими казахстанскими философами Т. Х. Рыскалиев перевел на казахский язык раздел «Философия Аристотеля» и произведение Ф. Ницше «По ту сторону добра и зла». Для национальной Энциклопедии Казахстана написал проблемные статьи «Противоречие», «Гегель», «Мудрость», «Нигилизм», «Судьба» и другие. Эти работы являются свидетельством философского просвещения широкой общественности.

Большую работу Тлекжан Хасенович проводит по подготовке научно-педагогических кадров. Пятеро аспирантов защитили кандидатские диссертации. С открытием в нашем университете магистратуры Тлекжан Хасенович в течении нескольких лет с большим энтузиазмом преподает дисциплину «История и философия науки».

Тлекжан Хасенович, может служить примером пропаганды здорового образа жизни.

Нам нужно, не стесняясь, перенимать все лучшее у таких людей. Надо сказать, что Т. Х. Рыскалиев в жизни необычайно скромен! Он просто делает свое дело изо дня в день без высокопарных слов и пафосных выступлений и не трубит о себе на каждом шагу. И я не побоюсь сказать, что его талант еще по-настоящему не оценен!

Я искренне поздравляю Вас с 80-летием! Желаю Вам крепкого здоровья, семейного благополучия и творческих успехов!

## **Қазақ философиясының үлгісін Абайдан табуға болады**

**Тілекжан Рысқалиев,**  
философия ғылымының докторы, профессор

Абайдың ақындығы, әдебиет әлеміндегі орны туралы мамандар, әдебиетшілер, сыншылар айтып та, жазып та жатыр ғой. Әлі де айтылары сөзсіз. Мен философ ретінде Абайдың ойшылдығына, ойшылдық, философиялық тереңдігіне, сөздерінің өміршендігіне көңіл аудармақпын. Бірақ мынаны да айта кету керек: ақын ретіндегі Абай және ойшыл ретіндегі Абай екі түрлі адам емес. Абай – кесек, тұтас тұлға. Бір кезде орыс әдебиетінде Лев Толстойды ұлы жазушы, суреткер ретінде мойындап, ойшыл, философ ретінде әлсіз деп мінеу орын алып еді. Бұлардың қатарында Н. К. Михайловский, Г. В. Плеханов, В. В. Розанов, Н. А. Бердяев, В. И. Ленин болды. Кеңес дәуірінде де Толстой тек жазушы ретінде дәріптелді. Толстойдың ойшылдығын бағалаған А. П. Чехов болды: «Алыстан көрмейтін сыншылар, - деп жазады ол, - Толстойды суреткер және ойшыл ретінде екі түрлі бағалап, оның шығармашылығының екі жағын біріне бірін қарсы қояды. Қандай сандырақ! Толстой өзінің суреткерлік шығармашылығында қандай философ болса, өзінің философиясында сондай суреткер. Бұл – таңғарлық тұтас тұлға». Өте орынды пікір. Ойсыз, түсініксіз Толстой қалай ұлы жазушы, суреткер болар еді.

Сол сияқты Абайдың да ақындығы мен ойшылдығы бірін бірі ашып, толықтырып тұр.

Әрине, Толстой да, Абай да Декарт, Кант, Гегель сияқты маман философтар емес. Толстойдың, Абайдың философиясы Сократтың, Конфуцийдің, Августиннің, Монтеньнің, Паскальдің, Руссоның ілімдеріне ұқсас. Сондықтан да бұларды философ дегеннен гөрі ойшыл (мыслитель) деу орынды болады. Кеңес дәуіріндегі орыс философы М.М.Бахтиннің мынадай қызық пікірі бар: «Нағыз философтар, әрине, Германияда, ал Ресейде тек ойшылдар болған» деген. Қазақтарда да ХХ ғасырға дейін кәсіби («нағыз») философтар болған жоқ. Бірақ ойшылдар болды. Егерде Кант, Гегель, Маркс сияқты кәсіби философтар дүние туралы, жалпылама құбылыстар – жалпы адам, жалпы қоғам, ойлау, таным, ұғымдар, категориялар, - туралы энциклопедиялық білімдерімен көзге түссе, Толстой, Абай сияқты ойшылдар адам туралы, «адамның кейбір кездері», қарым-қатынасы, көңіл күйі, ар-ұяты туралы терең түсінігімен ерекшеленеді.

Философ пен ойшылдың арасына шек қою ақылға сыймайды, өйткені философия дегеннің өзі-ойлау өнері, ал ойшыл қай кезде де белгілі бір философияны жүзеге асырады. Айырмашылығы – кәсіби философтар ғылымды бетке ұстайды, ақылға жүгінеді, сыртқы дүниеге, объектерге баса көңіл бөледі, ал ойшылдар адаммен болады, адамға жақын болу үшін өмірге көбірек көңіл бөледі, сезімге, эмоцияға жүгінеді, өнерге, әдебиетке, дінге арқа сүйейді.

Абай айтады: ғалым бар, хакім (дана) бар. Ғалымдардың бәрі бірдей хакім емес, хакімдердің бәрі бірдей – ғалым бола алады (отыз сегізінші сөз). Шынында да, даналарды қызықтыратын нәрсе - адам, ал адам туралы, адам әлемі туралы шындықты тек даналардан іздеуге тура келеді. Сол сияқты мен айтар едім: кез келген философты ойшыл деп тани алмайсыз, ал ойшылды даналығына, түсінігіне қарап, нағыз философ деп мойындауға болады. Мен үшін философ болудың нақты жолы – даналық,

даналықты паш ететін түсінік. Даналықтан құр алақан қалған философия атына заты сай емес, жасанды дүние болып шығады.

Әдетте біз студенттерге қазақ философиясы туралы, соның ішінде Абай туралы «Философия» пәнінің соңына таман Үнді – Қытай философиясынан, гректерден, немістерден, орыстардан кейін айта бастаймыз. Студенттер орынды сұрақ қояды: «Абай қандай философ?» деген. Шынында да, философияның қыры-сыры көп. Жоғарыда айтқанымыздай, Абай - кәсіби философ емес. Тіпті Мұхтар Әуезов айтқандай, «Абай философ емес..., оның арнап жазған философиялық... еңбектері, трактаты жоқ». Айта кету керек: бұл – ұлы жазушымыздың өз пікірі емес, бұл – кеңес дәуіріндегі идеологиялық нұсқаудың талабы. Ол кезде біз Ыбырайды да, Абайды да ойшыл-философ ретінде тани алмадық, ақын, ағартушы деумен шектелдік. Ол кезде «қазақ философиясы» деген ұғым да болған жоқ. Егерде біз Абайды ойшыл-философ ретінде бағалар болсақ, онда ол көп нәрселерге біздің көзімізді ашар еді, көп нәрселерге басқаша, сын көзімен қарауға, өз жолымызды іздеуге үйретер еді. Бұл, әрине, – сол кездегі биліктің талабына қайшы келетін әрекет болар еді.

Қай адамның да философияға қатысы бар. Қай адам да – ерте ме, кеш пе, өзі жөнінде, өзінің дүниедегі орны жөнінде, басқаларға қатынасы жөнінде, өмірлік жолы, миссиясы жөнінде ойланып толғанады. Оны дүниеге, өмірге, адамға қатысты философиялық сұрақтар қызықтырады. Сонда ол жауап іздеп кімге жүгінеді деп ойлайсыздар: кәсіби философтарға – Гегельге, Маркске ме әлде Конфуций, Монтень, Пушкин, Достоевский, Толстой, Абай, Шәкәрім сияқты ойшылдарға ма? Сөз жоқ, қарапайым адамдарға соңғылар жақын. Міне, философ пен ойшылдың айырмашылығы осында жатыр.

Философты әр кезде де жалпы дүниелер қызықтырады (всеобщее): материя, табиғат, қоғам, мемлекет, заң, абстракты адам, таным, тәсіл. Ал жекелер, даралар, нақты адам жалпы дүниелердің тасасында қалып қояды.

Ойшыл үшін қымбат нәрсе, жұмбақ нәрсе - жеке, дара: белгілі бір қоғамда, белгілі бір уақытта өмір сүретін адам, оның тұрмыс – тіршілігі, іс-әрекеті, көзқарасы.

Бәрі ағады, өтеді, өзгереді; тасқын, топ, дүрмек, лек. Арасында әртүрлі сәттер болады (мгновения), солар - қымбат, сол сәтті қалай байқап, бейнелеу керек? Жалпы қайталана береді, даралар дара болып қалады. Топ ішінде дара бар, жалғыз бар. Кім оны елеп, ескереді? Ойшыл ғана. «Адамның кейбір кездері» - дейді Абай. Тап сондай кезде адам өзіне өзі оралады, дараланады, кімнің кім екені көрінеді.

Ойшыл адамның өзіндік болмысына, өзіндік сөздеріне, істеріне, мінезіне, қылықтарына (поступки) айрықша мән береді. Неге ол солай деді екен, неге ол солай істеді екен? Неге Сократ өзін бүкіл грек халқына, өзін соттап жатқан төреші қазыларға қарсы қойып, өлім жазасын тілеп алды екен? Неге киниктер жұртқа ерсі, әдепсіз, ұятсыз болып көрінген қылықтарға барды екен? Неге Платон басқа елде өз еркінен айрылатынын біле тура, өз елінен безіп кетті екен? Неге Паскаль өзі сүйген, өзінің атын шығарған ғылымды, математиканы тастап, монастырьға кетті екен? Неге Кьеркегор өзі сүйген, некелесіп қойған сұлу қызына үйленуден бас тартты екен? Неге Ницше дінге, моральға қарсы шығып, өзін «антихрист», «имморалист», «нигилист» деп жариялады екен? Неге Абай тума-туысқандарының, достарының арасында өзін жалғыз сезінді екен?

Неге? Неге? Неге? Міне, ойшылды мазалайтын сұрақтар. Сондай сұрақтар адамды философияға жетелейді.

Философия – күрделі, сан қырлы дүние. Бірақ әр кезде, белгілі бір қоғамда, халықта, әрбір философтың туындыларында ол әр қырынан көріне береді: бірде даналық, бірде ғылым, бірде тәлім – тәрбие, бірде көзқарас, бірде таным теориясы, бірде методология болып. Сондықтан Абайда «анау жоқ», «мынау жоқ» деп, оны

философиядан алыстату дұрыс болмайды. Ақын өзін философ деп атаған жоқ, «ойшылдың мен де санды бірімін» деді. Абайдың өз уақытына сай, өмір сүрген ортасына сай, көрген-білгеніне, көңілге түйгеніне сай өзіндік ойы, пікірі, түсінігі болды. Философияны ол адам тану, адам тәрбиелеу, түзету, өзімен өзі сырласу, басқалармен пікір алысу, айтысу, өзіне ұнамаған құбылыстарды сынау өнері деп білді және солай жүзеге асырды. Осы жағынан Абай Сократқа көбірек ұқсайды. Мен бір еңбегімде оны Сократқа теңеп, «Қазақтың Сократы» деп атаған едім. Датчандардың Сократы бар – Кьеркегор. Кантты да Сократқа теңеп, грек ойшылымын салыстырады. Орыстар Чаадаевты Сократқа теңейді. Абай да адамға деген оң ниетімен, адамды танумен Сократқа ұқсайды. Жиырма жетінші сөзін Сократқа еліктеп, диалог түрінде құрады, Сократ пен Аристодимді айтыстырып қояды.

Абай Сократты даналықтың қайнар көзі деп бағалады. Ақынның Сократпен жалғасып, сабақтасып жатқан ойлары көп. Абайдың «Базарға қарап тұрсам әркім барар, іздегені не болса сол табылар» деп басталатын өлеңі грек ойшылының зат, дүние – мүлік туралы пікірін есімізге салады. Сократты шәкірттері базарға алып барып: «Қалағаныңды айт, алып берейік» дегенде ол: «Бұларсыз ла өмір сүруге болатын заттар қандай көп» - деп, заттардан бас тартқан екен. Сократ: «дам зат үшін өмір сүрмейді, заттарды адам болып өмір сүру үшін пайдаланады» - дейді. Сол сияқты Абай да адамның адамшылығын байлығымен, дүние –мүлкімен, атағымен өлшемейді, ар-ұятымен, ақылымен, түсінігімен, мінезімен өлшейді. «Адам бір бөк көтерген бөктың қабы» деген өлеңінде дүние-мүлкін, байлығын алға тартып, «мені мен сен тең бе» деп мақтанған адамды ақын надандығы, білімсіздігі үшін сынайды. Тағы бір өлеңінде: «Өзіңде бармен көзге ұрып, артылам деме өзгеден» - деп ескертеді.

Сократ сияқты Абай да өзін бұл дүниеге тектен тек келе қалмаған, арнаулы миссиямен келген жандай сезінеді. Құдай оны халқының ар-ұжданы, көшбасшысы, көрегені етіп жаратқан сияқты. Абай халқының, замандастарының жақсы жақтарынан гөрі олқы, кемшіл тұстарын баса көрсетіп, намысына тиіп, қатты айтады.

...Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық – қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ  
Мейір қанып, мез болып қуанарлық.

.....

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
«Ел азды» деп надандар мұңаймай жүр.  
Ала жылан, аш бақа күпілдектер  
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр.

.....

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,  
Іште жалын дерт болып шыға алмай жүр.  
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,  
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

.....

(«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»)

Бірақ ол кезде Абайды тыңдап, соңына ерген адам болмады. Қазақтың есіл – дерті өсіп жетілу емес, мал жинау, баю болды. «Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қамжемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен» (Бесінші сөз). Әйтеуір өйтіп-бүйтіп, ұрлықпен, құлық-сұмдықпен мал жинаса болғаны. «Адал еңбегімен ерінбей жүріп мал табуға» тырыспайды.

«Кеселді жалқау, қылжақбас,  
Әзір тамақ, әзір ас,  
Сыртың пысық, ішің –нас,  
Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген аң бұйрықты өлімнің өзі артық», - деп Абай халқына, қазаққа наразылығын ашық білдіреді.

Әдебиетте «Сократтың мысқылы» деген сөз бар. Сондай мысқыл, әжуа, өткір сын Абай өлеңдері мен қарасөздерінде де жиі кездеседі. Бұл ақынның алдына қойған міндеті - халқын оятудың, түзетудің бірден бір жолы болатын.

Ызалы жүрек, долы қол,  
Ұлы сия, ащы тіл.  
Не жазып кетсе жайы сол,  
Жек көрсеңдер өзің біл.

Абайдың ұстанымы жағдайды сырттан бақылап, ақылгойсіп, кемшіліктерді тізіп тере беретін төрешінің ұстанымы емес, тағдырын туған халқымен бірдей көретін, халқы үшін қиналып күйетін жанашыр жанның ұстанымы. Ақын өлеңдеріндегі ащы, ашынған, жаралы жанның назын білдіретін жолдарды оқығанда ойшылдарға тән зиялылық осындай болса керек деп ойлайсың: «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей», «жүрегім менің қырық жамау», «мен ішпеген у бар ма?», «қаны қара бір жанмын, жаны жара», «Ішім өлген сыртым сау» деген жолдарды оқығанда осындай ойға келесің.

Абайдың ойынша, қазақта «бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ», оның орнына күндестік, қызғаныш, көре алмаушылық басым. «Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып, аямай бірін бірі жүр ғой аңдып», «жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып». Мұның бәрі қазақтың тайыздығынан, надандығынан, алды-артын ойламауынан: біз кімбіз, қандай халықпыз, бұрын қандай едік, қазір қандай болдық, қайда бара жатырмыз? – деп ешкім ойланып жатпайды. Мұның бәрі халықтың ар-намысы, рухы ұйықтап жатқанынан. Әркім өзімен өзі болып, жеке басының күнделікті қамын ойлап, ұлты, халқы, елі жөнінде, оның болашағы жөнінде қам жемеуінен. Абай замандастарының, одан да гөрі бүкіл халқының көзін ашып, ар-намысын оятқысы келеді. Қазақта «қамшылау» деген сөз бар – жанашыр жанға оянсын, ойлансын, өзгерсін деп қатты айтатын, батырып айтатын кез.

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын, - дейді Абай.

Алайда, ақынның бұл үміті ақталмады.

Осы жасқа келгенше,  
Өршеленіп өлгенше,  
Таба алмадық бір адам  
Біздің сөзге ергенді  
Өмірдің өрін тауысып,

Білімсізбен алысып,  
Шықтық, міне, белге енді...

«Ақыл азабы» («горе от ума») деген сөз бар. Былай қарағанда, Абайда бәрі бар сияқты: атақ та, абырой да, дарын да, байлық та, бала-шаға, сүйген жар да. Жақын-жуықтарының, достарының: «Абай неге қайғы-мұңға салына береді, оған не жетпейді? – деп таңырқауы да орынды сияқты.

Бірақ бұл – ақынның ойшылдық ұстанымын түсінбейтін жандардың пікірі. Тоңмойын тоғышарлар, материалдық байлыққа ие болып, басқаны – оқу, білім, ғылым дегендерді, айналасындағы кедей – кепшіктерді - көзге ілмейтіндер, әрине, уайым-қайғыға салынбайды. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» болып жүре береді.

Уайым-қайғыға салынатындар – көзі ашық ойшылдар. Олар ел ішінде белең алған теңсіздікке, әділетсіздікке, немқұрайдылыққа, зорлық-зомбылыққа, өсек-өтірікке немкетті қарай алмайды, сынайды, мінейді, ашық қарсы тұрады. Бұл, ақыры, ойшылдың өзіне бейнет болып жабысады, жасына жеткізбей қартайтады. «Қайғы шығар ілімнен, ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан соң, зар шығады тілімнен...» деуі - осының айғағы. Абай қырықтан аса бере көп көргенінен, білгенінен, түйгенінен өмірден түңіле бастайды: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңдерін, «Келдік талай жерге енді кіруге қалдық көрге енді» деп басталатын философиялық толғауын жазады. Абайдың өмірінде, шығармашылығында трагедиялық сарын басым болатыны содан.

Жоғарыда біз Абайдың ойшылдығын сөз еткіміз келді ғой. Сол жөнінде ой бөлісейік.

Абай өзіне де, замандастарына да өте биік талаптар қояды. Оған олар түгіл бүгінгі біздер де лайық бола бермейміз. Абайды оқи отырып: «Апыр-ай, мына сөздер ол кездегі емес, тап бүгінгі адамдарға, біздерге айтылған нәрсе ғой» деген ойға келесің. Тап біздің мінімізді қазып отырған сияқты.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ...» Өсек, өтірік қай кезде де болатын шығар, ал мақтаншақтық жағынан біз қазір ешкімге де дес бермейтін сияқтымыз. Сыпайылық, кішіпейілділік, байсалдылық, өкінішке орай, бүгінгі адамдарда сирек кездеседі. Жетістік қайда қашар дейсіз, жетіспей жатқан нәрсеге көңіл бөлген дұрыс емеспе?

«Ғылым таппай мақтанба». XIX ғасыр түгіл, шетінен сауатты XX, XXI ғасырдың басындағы қазақтар да ғылымдағы табыстарымен мақтана алмайды. Ғылым қазір еріккеннің ермегіне айналып барады. Зиялылар бүгінгі ғылымның беделі түскені, құнсыздануы (эмиссиясы) туралы айтып та, жазып та жатыр. Билік басындағылар, әкімдер қайтіп, қай уақытта ғылыми еңбектер жазып, ғалым болып шығып жатыр? Бұл да – сол мақтаншақтықтың бір түрі. Бұл да – сол сыпайылықтың, ұят дегеннің жетіспеуінен. Ғалымдардың көбейіп кеткені сондай, ғылыми атақ беретін кеңестерді жауып тастауға тура келді.

«Орын таппай баптанба». Философия тарихында «орын» деген ұғымды философиялық категория деңгейіне көтерген Аристотель болатын. «Орын» деген ұғымға тап сол тұрғыдан қараған Абай болды. Ойшылдық, тереңдік деген осы емес пе?! Адам дүниеге тектен тек келмейді. Дүниеде әркімнің де орны бар. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан». Қалай тауып айтқан?! Абайдың бұл сөзін бәріміз білеміз, бәріміз айтып жүрміз. Бірақ оның мағынасына үңіліп жатқан кім бар? Өңгіме орында емес, әңгіме сол орынға лайық болуда. Толып кеткен «самопал» докторлар, профессорлар, академиктер ғылым дегеннің не екенін, ғылымды игерудің жолы қандай екенін білеме екен? Билік қолына тиген шенеуніктер, әкімдер, әкімсымақтар қандай орында отырғанын, оның мәртебесі қандай екенін біле бермейді, сол орынға лайық болуға тырыспайды.

Аристотель, Абай сөз етіп отырған «адамның дүниедегі орны» деген мәселе – философиядағы негізгі мәселелердің бірі.

Абай философиясының өзегі – Адам, адам туралы ой – толғамдар.

Абайдың адам туралы түсінігі таңғажайып: сондай нәзік, сондай терең, даналыққа толы.

Абай ұсынған «Адам бол!» идеясы, Абай көрсеткен адам болудың жолдары, «Толық адам» ұғымы – бәрі де – философиядағы өзекті тақырыптар.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...

Абайдың айтып тұрғаны ешуақытта құнын жоймайтын, адамды адам ететін, өсіретін, жетілдіретін құндылықтар: Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат және Рақым. Қай кезде де, адам баласының қай шағында да қажет болатын нәрселер. Ал Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ – қай кезде де адамға да, қоғамға да тұсау болатын кеселдер. Абай заманында да, қазір де алдыңғыларға қолымыз жетпей жатса, әлсін-әлсін жадымыздан шығарып, бірінен, соң бірін мансұқ етіп жатсақ, соңғылардан сол кезде де, қазір де арыла алмай келеміз.

Абайдың даналығы – айтқан сөздерінің біздер үшін, қазақтар үшін бүгін де, ертең де сабақ бола беретіні. Бізге ұлттық идея, идеология керек дейміз. Әріден, сырттан іздеп керегі жоқ – Абайда бәрі бар. Тек Абайға оралып, Абайды оқып, түсініп, сол идеяны, идеологияны әркім шамасы жеткенше іске асыра алса болғаны. Қай кезде де өзекті **тәрбие мәселесін** алайық. Абайдан асқан тәрбиеші жоқ. Әрбір сөзінен тәрбие тәртібін аңғаруға болады. **Ел басқару** ісі ме? Әкім – қаралардың қандай болуы және қандай болмауы, неге жақын, неден қашық болуы туралы Абай жетесі бар адамға жететіндей етіп айтып кеткен. **Дін, сенім** жайлы да Абайдан артық ешкім әлі айта алған жоқ. Абай түсінігінде сенім анау айтса анаған, мынау айтса мынаған сену емес, әр нәрсеге «анық көзі жетіп, ден қойып, ұйып сену» (отыз төртінші сөз). Адамның адамшылығын аша түсетін **достық, махаббат** жайлы да Абайдың айтқаны көңіл қоярлық. Сол отыз төртінші сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» дейді. Адам біріне бірі қонақ болса, адам дүниеге де қонақ болса, адамдар неге араздасады, неге бірін бірі көре алмайды? «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да» - деп тек Абай ғана айта алар еді. Махаббат – Абай түсінігінде аса күрделі, тылсым күш. Оған жеңіл – желпі қарауға, оны жай құмарлықпен, қызығушылықпен шатастыруға болмайды. «Адамшылықтың алды - махаббат, ғаделет сезім», - дейді қырық бесінші сөзінде. «Ол жаратқан тәңірінің ісі».

Қай адамның да күн сайын айналысатын **тән қамы** және **жан қамы** деген мәселе де Абай сөздерінде үйлесімді шешімін тапқан. Адам тек ауамен күн көре алмайды: оған тамақ та, киім-кешек те, баспана да, жұмыс орны да керек. Ал таза ауасыз қалай өмір сүресің? **Жан қамын** ойлау деген сол таза ауамен демалғанмен бірдей. Адамның бір осал жері – тән қамына көбірек көңіл бөліп, жан қамын естен шығарып алатыны. **Тән құмары**, Абайдың жетінші сөзінде, – ішсем, жесем, ұйықтасам деген тілек. **Жан құмары** - білсем, көрсем, үйренсем деген сұраныс. Тән жаннан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді – дейді Абай. «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен». Әрине, баланы анау да, мынау да қызықтырады, бала бәрін білгісі келеді, баланың сұрамайтыны жоқ. Бірақ ер жеткен соң, күш енген соң тәнді жанға билетпедік, «жанды тәнге бас ұрғыздық. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?», - дейді. Бұл сөздер де бүгінгі біздерге арнап айтылғандай. Іс - қимылымызда, жүріс – тұрысымызда, қарым-қатынасымызда бәрі - формальды. Бүгінгімен ғана күн көру. Еш нәрсенің байыбына бармау. Сыртын көргенге мез болып, ішіне, түбіне бойламау – біздер үшін үйреншікті жағдай.



Абайдың түсінігін, даналығын аша түсер тағы бір жайт – адам болып өмір сүрудің мән-жайын қадап-қадап айтатыны. Тағы да қайталайын: «**Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым** ойлап қой...». Қай – қайсымыздың да өне бойы есімізде жүретін киелі сөздер. «Керек іс бозбалаға – талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық...». Талапсыз не табасың? Талап ерік-жігерді оятады. Жігерсіз адам түк те бітіре алмайды, барын пайдаға асыра алмайды. Қырық төртінші сөзінде Абай: «Адам баласының ең жаманы - талапсыз» дейді. «Еңбек қылсаң ерінбей – тояды қарның тіленбей». «Әуел Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» (Төртінші сөз). Ескіре ме бұл сөздер?! Әрине, **еңбек** күнкөріспен шектелмейді. Дүниедегі ғажап нәрселердің бәрі адамның еңбегімен пайда болған нәрселер. Энгельсті қайталауға тура келеді: «Адамды адам еткен – еңбек». Қазір біз Маркске, Энгельске көп жүгіне бермейміз. Біліміміз, түсінігіміз асып бара жатқандықтан емес. Көбіне көп сол білімнің де, түсініктің де тайыздығынан. Әйтпесе оларда сабақ болар, ғибрат алар идеялар аз емес. **Қанағат** деген бұрынғылардан гөрі бүгінгі адамдарға, ел билеген басшыларға, қас-қағымда байып болған «жаңа қазақтарға» жетіспей жатқан нәрсе.

Жемқорлық деген қарапайым қызметкерлердің кәсібі емес, билік басындағылардың, солар арқылы байып алғандардың қол жеткен «өнері». «Ел ағадан азады, тон жағадан тозады» дейді қазақ. Қазақтың тауып айтқан тағы бір сөзі бар: «Құныққаннан дәнiккен жаман» деген. **Рақым** - деген оң пейiл, басқаларға болсын дейтiн, солар үшiн қуанып, солар үшiн өкiнетiн жанға тән қасиет. Аздаған халықпыз, бiрiмiзге бiрiмiз қол ұшын берiп, бiрiмiздi бiрiмiз көтермелеп жүрсек, мерейiмiз үстем бола түспей ме? Тайыздықтың, тоғышарлықтың салдары - қазақтың немқұрайдылығы, асып-тасқанын көре алмайтыны.

Абай сөздеріндегі ғажап нәрсе - әлсiн-әлсiн **терең ойды** алға тарта беретiнi. Ол кездегi адамдар түгiл, бүгiнгi «оқымыстыларға» мұндай талап қою артық сияқты. «Терең ой, терең ғылым iздемейдi»; «Ынсап, ұят, терең ой, ойлаған жан жоқ, жауып қой»; «Ойланар елдiң сикы жоқ»; «Түбi терең сөз артық, бiр байқарсыз»; «Жүйрiк тiл, терең ой, сол күнде қайда едiң?»; «Терең ойдың телмiрiп, соңына ермей»; «Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезiм болмаса, тiршiлiктiң несi сән, тереңге бет қоймаса?». Терең ой әр нәрсенiң мән – жайын түсiнуге жол ашады. Философия таным мен (познание), ұғым мен (понятие) түсiнiктi (понимание) ажыратады. Түсiнiкке айырықша мән бередi. **Түсiнiк** – философияның бiр анықтамасы. Батыс философиясындағы беделдi бағыттардың бiрi – герменевтиканы – әдебиетте түсiнiк философиясы деп атайды (философия понимания). Ол тек осы түсiнiк мәселесiмен айналысады: тарихты, әдебиеттi, дiндi, классикалық мәтiндердi, адамды түсiнудiң жолдарын қарастырады.

Ғылым мен философияның айырмашылығы да осы түсiнiкке байланысты. Ғылымда таным бар, ұғым бар, ақиқат бар, бiрақ түсiнiк жоқ. Түсiнiктiң керегi де жоқ, өйткенi ғылымды қызықтыратын нәрсе - **объект**: не болса да, қандай болса да. Табиғат құбылыстарын, формальданған нәрселердi танып қоюдың өзi жеткiлiктi. Ал адамға қатысты нәрселердi, Абай айтатын «адамның кейбiр кездерiн» танып қою аз, түсiну керек. Ғылым да қарастыратын объектерiн түсiндiруге тырысады. Бiрақ **түсiндiру** (объяснение) мен **түсiнiк** бiр нәрсе емес. Немiс философы Дильтейдiң пiкiрiнше, «табиғатты бiз түсiндiреміз, ал рухани дүниелердi түсiнуге тырысамыз».

Орта ғасыр философиясының негiзiн қалаған Августиннiң «**iшкi адам**» туралы iлiмi бар. Әдетте адамның адам жөнiндегi ойы оның сыртқы белгiлерiмен шектеледi: келбетi, мінез-құлқы, қызметi, сөзi, iсi, жүрiс-тұрысы т.т. Ал оның iшкi жан дүниесi, көңiл күйi, қалауы, құштарлығы бiзге беймәлiм болып қалады. « Сыртқа қызықпа, - дейдi Августин, - iшке үңiл: шындық iшкi адамда».

Философияда «ішкі» және «сыртқы», «құбылыс» және «мән» деген ұғымдар бар. Заттың, адамның сыртқы көріністерімен шектелмей, ішіне, түбіне үңілу керек. Абай сөздерінен, өлеңдерінен осы мәселеге көбірек көңіл бөлгенін аңғаруға болады. Тоғызыншы сөзінде халқы жөнінде: «Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ» - дейді. Өкінішін білдіріп: «Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін» - дейді. Бір өлеңінде де осы ой қайталаанады: «Ішім өлген сыртым сау, Көрінгенге деймін - ау.Бүгінгі дос – ертең жау. Мен не қылдым, япырм-ау?!». Адамның сырты да, іші де бірдей болғаны жақсы. Сырын да, сыртын да түзей білу керек. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей». «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз». Заттың «сыры» деп тұрғаны оның ішкі мәні екені түсінікті болар. «Не пайда бар – мың надан, сыртын естіп таңдансын. Онандағы бір есті, ішін, сырын аңғарсын». «Жұртым-ай, шалқақтамай, сөзге түсін, ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін. Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді. Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін». «Жүрегіңе сүңгі де, түбін кезде, сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме». «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, сонда да солардың бар таңдамасы. Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын қазақтың келістірер қай баласы?». Осы сөздерде философияға қатысты жәйттардың бәрі бар: даналық та, түсінік те, тереңдік те, пайымдау да.

Дүниеге, өмірге, адамға байланысты айтылған Абай сөздерінен ойшылдықтың, сұңғыла тереңдіктің небір үлгілерін сөз етуге болар еді.

Абайдың **ар, ұят** туралы айтқандары бұл туралы ойланбайтын бүгінгі адамдарға оқ-дәрідей әсер етер еді-ау. Тек олар үшін Абай жоқ қой, олар Абайды оқып әуре болмайды ғой. Ақын бәрімізге: «Құдайдан қорық, пендеден ұял деген өсиет қалдырды (Жиырма бесінші сөз).

Ар-ұятты ақын адамгершіліктің өлшемі деп біледі. Отыз алтыншы сөзінде **ұят** дегеннің не екенін талдап береді. Ұят деген сезімді ол **иманмен** байланыстырады. Хадисте кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ деген сөз бар. «Ұят кімде болса, иман сонда» деген қазақтың мақалы бар. Шын ұят,- дейді Абай, шарифатқа, ақылға, абыройға жатпайтын қылықтар жасау, нәпсіге салыну. «Мұндай ұят қылық қылғаныңды бөтен кісі білмесе де өз ақылың... өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің... ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойыныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты.. Теріс қылығыңды басқаның бетіңе басып ұялтқаны - бір бөлек, осы үшін өзіңнің өзіңнен ұялғаның – бір бөлек. Адамшылық деп Абай осындай іштей ұялуды айтады.

Абайдың: «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да» дегенін біз бүгін де қайталап едік. «Ақылы жоқ, ары жоқ» пысықайлар бүгін де жетіп артылады. Ғылым, білім, мәдениет артқан сайын адамгершілік те арта түсуі керек еді. Өкінішке орай, бәрі керісінше болып жатады. Ардан безген адамның тірі болып жүгені құрысын - дейді Абай. Жастарға: «Ұятың, арың оянсын, бұл сөзімді ойлансын» - деп өсиетін айтады. Абай халқының сана – сезімін ғана емес, ар-ұятын, намысын да оятпақ болды. Абай пір тұтқан Сократ та ұят дегенді «даймон» деген тылсым күшпен салыстырады. «Өзіңнің ішкі даусыңа ден қой» дейді. Жоғарыда сөз қылған Августиннің «ішкі адамы» да тап осы ар-ұяттың адамы. Канттың категориялық императив деп атаған бұлжытпай орындалуға тиісті заңы да - осы ар-ұят болып табылады. Абайдың шәкірті Шәкәрімнің де ар туралы ілімі бар.

Классикалық кәсіби философияда **теориялық ақыл** және **практикалық ақыл** туралы іргелі мәселе бар. Ақыл мен қайраттың қызметі туралы. Адамның бұл қасиеттері туралы Абай өлеңдерінде де, қара сөздерінде де ойланып толғанады.

Ақылды адам сөзді ұғады, сөзге ден қояды. Ақылсыз адам, керісінше, «ақыл, сөзге ынтасыз» болып келеді дейді.

Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді,  
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.  
Қадірін жақсы сөздің білер жанға  
Таппай айтпа оған да айтар кезді...

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып, болма мазақ.  
Біреу олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тындауға жоқ қой қазақ...

Бүгін де орынды сөздер.

Ақын: «Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса» деп армандайды. Бірақ сөзді тындап түсінер адам табылмайды: «Досты қайдан табарсың, кеңесерге адам жоқ. Әрлі-берлі шабарсың, жалғыздықтан жаман «жоқ» деуіне тура келді.

**Ақыл** өздігінен ешнәрсе тындыра алмайды. Ақылдан туған идеяны жүзеге асыру үшін **қайрат** керек. Бірақ бұл да – жеткіліксіз. Абайдың жаңалығы, тереңдігі - ақыл мен қайраттың қасына төреші етіп жүректі қосатыны. Он жетінші сөзінде Абай **қайрат, ақыл, жүрек** үшеуін айтыстырып қояды. Ақыл мен қайратты жүрекке билетіп қояды.

Философия тарихында таным құралдарының қатарына жүректі қосқан жалғыз француз ойшылы **Паскаль** болды. Оның ойынша, бәрін ақыл шешеді деуге болмайды. Ақылға әл бермейтін нәрселер де бар. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз». Сыртықы дүниені, табиғат құбылыстарын тану үшін ақыл жеткілікті болар. Ал адам тану үшін, адамның қырлары мен сырларын ашу үшін жүрекке жүгінуге тура келеді.

Абайға оралайық:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Жүрек болмаса, ақыл мен қайрат «өзімбілемдікке», «әлімжеттілікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек...  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз.  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

**Толық адам** туралы идея да – Абайдың ойшылдығының бір көрінісі. Жиырма бірінші сөзінде мақтан сүйер адам туралы: «Оның надандығы толық, адамдығы толық емес» - дейді.

«Адам» ұғымы Абай туындыларында нақты түрде қолданылады. Адамның қандай екені аңғарылып турады. **Есті адам** бар, **есер адам** бар. «**Есті адам** орынды іске қызығып, құмарланып», ізденумен болады. «**Есер адам** орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады». Есті адам «күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзінен өзі есеп» алады: қалай өмір сүріп жатыр? (Он бесінші сөз). **Ер адам** бар, **ез адам** бар. «Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар,

артылып берсең де разы болмас» (Отыз жетінші сөз). «Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек, өнерсіздің қылығы өле көрмек. Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай, еріншек өздігінен көпке көнбек». **Ақылды адам және ақылсыз, надан адам:** «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, әр нәрсеге өзіндей баға бермек. Таразы да, қазы да өз бойында, наданның сүйенгені көп пен дүрмек». «Наданға арам ақылды құлаққа ілмек. Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек. Рас сөздің кім білер қасиетін? Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек». «Не пайда бар – мың надан сыртын естіп таңдансын. Онан-дағы бір есті ішкі сырын аңғарсын». Надандық Абай түсінігінде жай сауатсыздық емес. Қазір елімізде сауатсыздар табылмас, бірақ надандар жетіп жатыр. Надандық – Абайша - түсініктің жоқтығы, жақсы мен жаманды айыра алмау, тереңге бойламау.

**Атқамінер, билік басындағы адам.** Оларға қойылатын талап біреу – ел үшін, халық үшін қызмет ету. Тек қана жеке басының қамын ойлайтын, басқаларға немқұрайлы қарайтын «билерді» Абай адам деп танымайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» (Отыз жетінші сөз). Абайдың сөзін бүгін де орынды деп білеміз: сенімге ие болған билік басындағылар бүгін де бірінен соң бірі шаталып, биліктің абыройын айрандай төгіп жатыр. «Бас басына би болған өңкей қиқым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?...» - деп айтпасқа шара жоқ. Жемқорлықтан алдына ел салмайтын елге айналдық.

Абай сынаған адамдардың тағы бір түрі - **пысық, қу адам.** «Пысықтықтың белгісі – арыз беру, жоқ тұрса бес бересі, алты аласы», «пысық деген ант шықты (антұрған деген мағынада). Бір сөз үшін жау болып, Бір күн үшін дос болып, Жүз құбылған салт шықты. Пысық кім деп сұрасаң - қалаға шапса демалмай, Өтірік арыз көп берсе, Көргендерден ұялмай. Сыбырдан басқа сыры жоқ, шаруаға қыры жоқ, Өтірік, өсек, мақтанға Ағып тұрса бейне су. Ат – шапаннан кем көрмес, Біреу атын қойса «қу». Жиырма бірінші сөзінде ойшыл біреулердің өздерін «қу», «пысық» дегеніне мақтанып, дәсерситінін айтып, оларды «наданның наданы» деп келекелейді.

Абайдың заманында, әрине, **бай адам** болды және **кедей адам** болды. Мұндай топтар қазір де көбейіп барады. Ақын қатыгез, сараң, топас байларды қатты сынайды, кедейлердің ауыр тұрмысын ашып көрсетеді. Бұл жағынан да Абай - шыншыл, реалист ақын. Сонымен бірге ол байлықтың оңайлықпен келмейтінін, байлардың ептілігін, ұқыптылығын, батылдығын, істің жайын жете білетінін айтып бағалайды. Кедейлік те – көп жағдайда адамның өзіне байланысты: еріншек, жалқау, әлсіз, алаңғасар, надан болса, кедей болмай қайтеді? «...Әрбір жалқау кісі - қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді, әрбір мақтаншық – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді...» (Үшінші сөз). Құдай тағала адамға еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты халал кәсіп қыларлық орынға жұмсамайды. Құдай адамға қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайды. Құдай адамға ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, ол оны қайда жібергенін өзі білмейді. «Ерінбей еңбек қылса, - дейді Абай, - түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?». Бірақ мұның адамға керегі жоқ. Сонда бұл кедей болмағанда кім кедей болады? (Оныншы сөз).

Біреу бай, біреу кедей болса, бұған Құдайды кінәлауға болмайды. Байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес. (Жиырма сегізінші сөз). Байлықтың, жайлы тұрмыстың көзі – ынта, жігер, еңбек, оқу, білім, ғылым, кәсіп. Әсіресе, бүгінгі біздің жағдайымызда. «Егер де мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қол өнерлі - қазақтың әулиесі сол» (Отыз үшінші сөз).

Байдың бейнесін Абай ағасы Тәңірберді арқылы шебер суреттеген:

Байсып, паңсып,

Көрінгенге бәлсіп,  
Өзі ғана келгендей,  
Дүниеге жансып.  
Маң-маң басып,  
Мен – мендігі асып,  
Мал бітгі деп көңілі  
Көтеріліп тасып.  
Бай-бай десе мастанып,  
Мың теңгесін жастанып,  
Ешкім тимей өзіне,  
Ағайынға қастанып.  
Өз тамағым тоқ деп,  
Басымда қайғы жоқ деп,  
Жақыны аттан жығылса,  
Жаны ашымай «шоқ» деп.  
Бай-еке десе елігіп,  
Қайырсыз малға желігіп,  
Кеудесінен буынып,  
Пыс-пыс етіп демігіп.  
Өтірік жала жабады,  
Біреуге қор қазады.  
Отырғанда үйінде,  
Ылдидың төрін алады.  
Өтірік, өсек, дау десе,  
Бәйге атындай шабады.  
Қолыңнан келер түк те жоқ,  
Осының маған болды кек.

Кедейдің жайы белгілі:

Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей  
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?  
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,  
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

Қатып-семіп қалған ештеңе жоқ: кедейліктен де құтылуға болады: тек еңбек ет, харекет қыл! Ешқашан да ескірмейтін өсиет:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.  
Қаруыңның барында қайрат қылмай,  
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де - жел.

Абайдың түсінігінде **пенде бар** (индивид), **дара бар** (индивидуальность), **тұлға бар** (личность). Бәріміз де индивидпіз, пендеміз. Пенде ретінде бірімізден біріміздің айырмашылығымыз жоқ. Бірақ өсе келе, үйрене келе адам дараланады, дүниеден өзіне лайық орын табады. Бұл жөнінде Абай: «Жалыны қайтар дененің, Үнемі тұрмас осы шақ. Талайғы кәрі дүниенің Бір кетігін ұстап бақ», - дейді. Адамдар бір мүдденің соңына түсіп біріксе, ол тобыр емес, зор күшке айналады, түбі дегеніне жетеді. Тобыр өздігінен түк те бітіре алмайды, «өңкей нөлге» айналады. Топты жөнге салып, күшке айналдыру үшін тұлға («единица») керек: «Единица - жақсысы, ерген елі бейне нөл. Единица нөлсіз-ақ, өз басындық болар сол. Единица кеткенде, не болады өңкей нөл?!» Отыз жетінші сөзінде Абай: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркты отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?» - деген сұрақ қояды. Оған: «Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» - деп жауап

береді. Дара тұлға ретінде Абай әкесі - Құнанбайды, інісі - Оспанды, үміт артқан баласы – Әбішті сипаттайды. Туған ағасы - Такежанды ол тұлғалар қатарына қоспайды. Ол – көптің бірі. Тағы да терең түсінікке тап болып отырғанымыз айқын.

Мұхтар Әуезов айтқандай, «Абай деген дария ғой». Оның қай бір қырын айтып тауысарсыз. Біз ақынның даналығын, түсінігін, ойшылдық өрісін суреттеп көрдік. Осы арқылы Абайдың философияға қатысын ашуға тырыстық. Қалай болып шыққанын оқырман өзі бағалай жатар.

### **Профессор Т. Х. Рысқалиевтің қазақ философиясы туралы ой-толғауы**

Философия – күрделі, сан қырлы, әр алуан қызметтер атқаратын ілім, ғылым, көзқарас. Барлық халықтарға, барлық өкілдеріне бірдей болып келетін әмбебап философия болмайды. Шығыс философиясының Батыс философиясынан айтарлықтай айырмашылығы бар. Гегель және Маркс заманында, кейін де осыны арқау етіп, Батыс философиясы Шығыс философиясына немқұрайлы қарап, мән бермей келді. Гегельдің пікірінше, Шығыс философиясы балаң, әлі дамып жетілмеген, діннің, моральдың және даналықтың қосындысынан тұратын қойыртпақ дүние.

Қазір де Шығыс философиясы өзінің осы классикалық философияға ұқсамайтындығымен, адамдардың ісі мен қарым-қатынасына айрықша мән беретінімен ойшылдардың назарын өзіне аударуда. Батыс философиясы болса, кейбір көрнекті өкілдерінің пікірінше, сциентизмге, рационализмге салынып, ғылым деңгейін ұстанып, күнделікті тіршілік түйткілдерінен теріс айналып, күрделі дағдарысқа ұшырады.

Ғылым жолына түскен философия бара-бара даналықтан, түсініктен алшақтайды. Сөйтіп, өзіне өзі ұқсамай, софия – даналық болудан қалады, кез келгеннің тісі батпайтын, элитаға, таңдаулыларға арналған теориялық жүйеге айналады. Дұрысында, философия адамдарға ықпал етіп, жақсы жағына өзгерте алатындай тартымды және түсінікті болуы керек.

Философияның қарапайымдылығын, нақтылығын, жалпыға түсінікті болғанын ғылымға берілгендер философияның тайыздығы, жете дами алмағаны деп түсінеді. Әсте де олай емес. Ойдың түсінікті болғаны, қарапайымдылығы, керісінше, оның тереңдігін, жан-жақты ойластырылғанын білдіреді. Абайдың тілі түсінікті, қарапайым, ден қойған кез келген адам оның туындыларын түсіне алады. Осыған қарап, Абайды тайыз деп тануға бола ма? Жоқ. Абай – сұңғыла терең. Көпшілік өзінің тайыздығына байланысты Абайды әлі түсіне алмай келеді. Абай көрсеткен жолмен жүріп жатқан жоқ. Абай атап көрсеткен кеселдер әлі де қазақтың алға басқан қадамын кері кетіруде.

Егерде философияны тек қана ғылым деп қарастыратын болсақ, онда көптеген Батыс және Шығыс философтары ондай философияның құрамына кірмей қалады. Бұлар: Конфуций мен Будда, Сократ пен Платон, Августин мен Монтень, Паскаль мен Кьеркегор, Достоевский мен Л.Толстой, Абай мен Шәкәрім және басқалары. Бұларсыз философияны көзге елестету мүмкін бе?!

Осы тұрғыдан бір кезде Плеханов, Бердяев, Розанов, Ленин Л.Н.Толстойды философиядан алыстатты. Кеңес заманында ресми идеологияның ықпалымен Мұхтар Әуезов Абай туындыларының философиялық сипатын жоққа шығарды. Сол сияқты кеңес заманында мектебі, жоғарғы оқу орындары болмаған көшпенді халықтарда теориялық ойлаудың үлгісі болып табылатын философия болуы мүмкін емес деп, қазақтарда философия болған жоқ деген түсінік болды. «Қазақ философиясы» деген ұғым әдебиетте қолданылмады.

Толстойды, Абайды мазалаған қандай мәселелер еді? Адамға қатысты нәрселер ғой: өзін өзі тануы, басқаларға қатынасы, ойы, көзқарасы, көңіл күйі, ынта-жігері т.т. Осы мәселелерге көңіл бөлмейтін ол қандай философия? Демек, оны қызықтыратыны

сыртқы дүние, адамнан тыс дүние. Демек, бұл – ғылыми философия. Мұндай философия Толстойда, Абайда жоқ. Онда олардың философияға қатысы жоқ деген сөз. Осындай пікір орнықты.

Атақты француз ғалымы Б.Паскаль өмірінің соңына таман сүйіп айналысқан математикасынан бас тартып, дінге және философияға бұратала бет бұрды. Аз уақыттың ішінде Құдай туралы, адам туралы қашан да мәнін жоймайтын терең ойларға толы «Ой түйіндері» («Мысли») деген еңбек жазып қалдырды. Неге Паскаль математиканы, ғылымды тастап кетті екен? Бұл сұраққа өзі былай жауап береді: «Мен көп уақытымды абстракты ғылымдарды зерттеуге арнадым, бірақ соңынан оларға қызығуым басылды. Өйткені олар берген білім мені қанағаттандырмады. Кейін мен адамды зерттей бастағанымда абстракты ғылымдардың маған көмектесе алмайтынына көзім жетті. Математикамен айналыса отырып, мен өзімнің дүниедегі орнымды түсіне алмайтын болдым».

Ф. Ницше 24 жасында өзіне профессураны алып берген филологияны тастап, философияға ден қойды. И. Кант творчестволық өмірінің екінші кезеңінде жаратылыстану ғылымдарымен айналысуын қоя тұрып, философияның басты саласы ретінде адам туралы ілім-антропологияны құрды және оның негізгі мәселелерін жаңаша анықтады: 1. Мен не біле аламын? 2. Мен не істеуім керек? 3. Мен неге үміт арта аламын? 4. Адам деген не? Мұндай сұрақтар ерте ме, кеш пе, қай адамныңда алдында тұрады және бұл сұрақтарға, Канттың пікірінше, нақты ғылымдар жауап бере алмайды. Тумысында өте кішіпейіл адам Кант өзінің «Антропологиясын» өте жоғары бағалайды: «Адамға адам болып өмір сүруді үйрететін ілім ол – мына менің философиям», - деп жариялайды.

«Таза зердеге сын» деген басты шығармасында Кант ғылым бетке ұстайтын таза ақылды сынайды. Атақты орыс философы В.Соловьев дерексіз бастауларды теріске шығарады. Неліктен? Бәрінің де жауабы біреу: қай ғылым да адам мәнін ашып бере алмайды. Сонда философия ғылымдарға еліктеп, нағыз ғылым болуға тырысып, не ұтады? Ол өзін өзі жоғалтып алмай ма? Шынында да солай болды.

Философияны ғылым жолына бағыттаған Аристотель еді. Оның ісін Батыста Фр.Бэкон, Декарт, Кант, Гегель, Маркс ойдағыдай жалғастырды. Бұлар ғылыми танымның дамуына зор үлес қосты. Бұлардың қай-қайсысы да тек қана философ болып қойған жоқ, сонымен бірге энциклопедиялық білімі бар жан-жақты ғалым болатын. Бірақ бұлар философияны өзінің төл ісінен - даналықтан – алшақтатып, сыртқы дүниеге, объектерге бұрып жіберді.

Кант, жоғарыда айтқанымыздай, нағыз философияға – антропологияға қайтып оралды.

Гегель орасан зор философиялық жүйе құрды. Онда логика, гносеология, онтология, диалектика, методология – ғылымға керек, ғылымды құратын нәрселердің – бәрі бар. Тек бір нәрсе жетіспейді: онда нақты, тірі адам жоқ. Абстракты адам, жалпы адам, абстракты ұғымдар бар. Гегель философиясы танымды, ұғымдарды, идеяны тамаша түсіндіреді. Тек адамды, адамды қоршаған дүниені түсіндіре алмайды. Түсіндірер еді, бірақ Гегель философияны ғылым деп түсініп, оның алдына мұндай міндетті қоймайды.

Маркстік философияда да ғылыми философияға қажетті нәрселердің бәрі бар. Адам туралы, тұлға туралы да сөз болады. Бірақ онда адам тұтастың жай бөлшегі, мемлекеттің, таптың, ұлттың өкілі ретінде, қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл да керек, бірақ жеткіліксіз. Адамды дара тұлға, өзінде керек нәрселердің бәрі бар субъект ретінде қарастыру Марксте кездеспейді.

Өздерінің философиялық жүйелерімен Гегель де, Маркс те сыртқы дүниеге, заттар дүниесіне жақын, бірақ қарапайым адамнан, сіз бен бізден қашық. Өзімізді

қинайтын өмір - өлім, ізгілік – зұлымдық, сенім – күдік, жақсылық-жамандық, Құдай, дін туралы сұрақтарға біз Гегель мен Маркстен жауап ала алмаймыз. Бұл сұрақтармен біз Будда мен Конфуцийге, Диоген мен Сократқа, Монтень мен Паскальға, Достоевский мен Толстойға, Абай мен Шәкәрімге жүгінуіміз керек. Міне, ғылыми философия мен даналық философиясының арасындағы айырмашылық осыған келіп тіреледі.

Классикалық философия дегенде есімізге Декарт, Гегель, Маркс дамытқан ғылыми философия түседі. Шопенгауэр, Кьеркегор, Ницше негізін қалаған, кейін Хайдеггер, Сартр, Камю және басқалар алға апарған қазіргі классикалық емес философияның ерекшелігі - жалпыға емес, жекеге, дараға, абстракты адамға емес, өзімізге ұқсайтын, ет пен сүйектен, ақыл мен сезімнен тұратын тірі, нақты адамға баса көңіл бөлетіні. Мәдениетті, өнерді, әдебиетті, ғылым мен техниканы, заттар дүниесі мен қоғамдық қатынастарды құратын жалпы адам емес, белгілі бір қоғамда, белгілі бір уақытта өмір сүретін нақты адамдар. Нақ осы адамдарды, біздерді классикалық философия көзіне де ілмейді.

Философияның негізгі нысанасы, пайымдарының негізгі предметі - нақты адам. Ғылым да, идеология да, қоғамдық пікір де адамды объект, зат түрінде, бірдеңенің (қоғамның, мемлекеттің, таптың, партияның) құралы немесе функциясы ретінде қарастырады. Философия мұндай көзқарасты ұстана алмайды. Оның түсінігінде, Кант сөзімен айтсақ, адам ешкімге де, ештеңеге де құрал болмауы керек, бәріне де, өзіне де мақсат болуы керек.

Оқырман мені дұрыс түсінсе екен: мен ғылым ретіндегі философияның күні өткен, енді ол дамымайды, сұранысқа ие болмайды деп айтудан аулақпын. Ғылым философиясы қазір қарқынды дамып келеді. Менің айтайын дегенім – философияны тегістей ғылымға апарып телуге болмайды, ғылым – философияның көп қырларының бірі ғана.

Қожа Ахмет Иасауи мен Жүсіп Баласағұннан бастау алып, ақын – жыраулар, би – шешендер тұсында өзіндік философия болып қалыптасқан қазақ философиясын біз ғылым деп тани алмаймыз. Ол - тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні етіп тәмсілдерді, мақал – мәтелдерді, нақыл сөздерді өз бойына жинай білген тұнып тұрған даналық.

Қазақ философиясы – даналық және бастан-аяқ даналық болып қалды. Батыс философиясы даналықтан ауытқыды, ғылымға ойысты.

Қазақ философиясындағы, айталық, Абай туындыларындағы адам бейнесі жұтаң, жадағай, сыңаржақты емес, қыры-сыры мол, бірде кең, бірде тар, бірде биік, бірде аласа, бірде көл, бірде шөл болып келетін жұмбақ құбылыс. Мұны Абай бір сөзбен «адамның кейбір кездері» деп сипаттайды.

Қазақ философиясы туралы сөз болғанда ойымызға бірден би-шешендер, ақын-жыраулар, Ыбырай, Абай сияқты сөз зергерлері түседі. Қазақ ойшылдары адамға сөз арқылы ықпал етті. Солардың арқасында қазақ сөзді түсінді, сөзге тоқтады, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, сөзді бағалады.

«Дау шешеді дана сөз» деп қазақ талай дауды сөз, уәж арқылы, қисын арқылы шешті. Классикалық философияда ой, идея негізінде ұғымдар, категориялар арқылы жеткізіледі. Қазақ философиясында терең ой шешендердің, билердің, ақындардың киелі сөздері арқылы мәлім болады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» - дейді қазақ. «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деп те айтады. «Сөз қадірін кім білген» деп қапаланды қазақ ойшылдары. Бұл жөнінде Майқы би:

Естіге айтқан тура сөз  
Шыңға тіккен тумен тең.  
Езге айтқан тура сөз  
Құмға сіңген сумен тең, - дейді.



«Қайран тіл, қайран сөз –

Наданға қадірсіз», - деп Абай замандастары үшін күйінді.

«Өнегелі ой қайдан шығады?» деген қиын да күрделі сұраққа қазақ философиясы былай деп жауап береді:

Аспанның астынан шығады.

Жердің үстінен шығады.

Өнерлінің ісінен шығады.

Ғалымның күшінен шығады.

Жақсының сөзінен шығады.

Тарихтың ізінен шығады.

Шешеннің тілінен шығады.

Әншінің үнінен шығады.

Жаманның көрген күнінен шығады.

Бұл сөздердің көркемдігін былай қойғанда, тереңдігіне, философиялық мазмұнына таңданбасқа болмайды. Бәрін талдап, таратып жатпай-ақ, тек соңғы жолына назар аударайық.

Шынында да, жаманның көрген күнін Құдай басқа бермесін дейік. Қазақта «жаман» деп адамның мінін, кемтарлығын айтпайды, сөзін, ісін, түсінігін, мінез-құлқын айтады. Өзін өзі сыйламайтын адамды ешкім де сыйламайды. Философияда «қорлық» деген ұғым бар. Адам болып туып, адам қатарына қосыла алмау – қорлық. Адам болып туып, надан болу – қорлық. Абай айтады: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» - деп. Адамның надан болуға хақы жоқ. Қазіргі Құдай беріп тұрған заманда надан болу ақылға сыймайды. Өкінішке орай, надандар арамызда толып жатыр. «Надандық» деп философияда сауатсыздықты айтпайды, істің жайын, құбылыстың мәнін білмеуді, түсінбеуді айтады. Философияда «қорлық» деп басқаның зорлығымен болған нәрсені емес, адамның өзінің бейшаралығынан, әлсіздігінен, қырсыздығынан тапқан тауқыметін айтады. Ар – намыстан жұрдай, әлсіз, қорқақ адам, дейді Гегель, түбі басыбайлы құл болады. Ал намысқой, өжет, батыл адам қожайын болады. Абай батырып, қатты айтады:

Еріксіз түскен ылдидан

Еркіңмен шығар өр артық.

Қорлықпен өткен өмірден

Көсіліп жатар көр артық.

Басқаларға әсер етер, ой салар, есте қалар ұлағатты сөз қайдан шығады? деген сұрақ қазақ философиясында жиі кездеседі. Әрине, Батысша айтсақ, оқып білуден, танымнан туады дер едік. Сонымен бірге ойланудан, толғанудан, күйзелуден, торығудан пайда болады. Философияның пайда болуын Аристотель «таңданудан» деп түсіндіреді. Дат философы Кьеркегор болса «торығудан» (отчаяние) дейді. Бәрі орынды. Әйтеуір, сөз кездейсоқ, қалай болса солай пайда болмайды. Ондай сөзде мағына да болмас еді. Асан Қайғы тауып айтқан:

Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады.

Осы сөздердің өзі «таза мінсіз, асыл», өлмес, өшпес сөздер. Қазақ ойлауында зар, шер, қайғы, мұң, өкініш, опыну туралы жиі сөз болады. Сондай кезде көкірек көзі

ашылып, небір таңғажайып дүниелер өмірге келеді. Махамбеттің өлеңдері, күйлері сол өкініштен туған. «Зар заман» ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат халықтың басына түскен қияметті, қорлықты, бодандықты ашып көрсетті. Шортанбай:

«Мына заман қай заман?

Азулыға бар заман,  
Азусызға тар заман  
Тарлығының белгісі.  
Жақсы жаннан түңілген,  
Жаман малға жүгінген,

Мұның өзі зар заман» - деп халықтың шерін жырына арқау етті.

Қазақ халқында кәсіби, ғылыми философия тек XX ғасырда, кеңес дәуірінде қалыптасты. Бұған дейін де ерте кезден қазақтарда философия болған. Бірақ ол шешендік сөз, мақал-мәтел, өнер-әдебиет, өсиет түрінде көрінетін синкреттік ойлау өнері болатын. Орыс философы М.Бахтиннің бір сөзі бар: «Нағыз философтар, әрине, Германияда. Ресейде тек ойшылдар болған»-деген. Сол сияқты қазақтарда да Кант, Гегель, Маркс сияқты философтар болған жоқ. Бірақ ойшылдар болды.

Ойшылдық XX ғасырдағы ағартушыларды айтпағанның өзінде би-шешендерге ( Майқы би, Аяз би, Жиренше, Төле би, Қазыбек би, Сырым т.б) ақын-жырауларға (Асан Қайғы, Ақтанберді, Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет т.б.) тән.

Әрине, философия – нақты адамның, ойшылдың өнері, кәсібі. Қазақ философиясында «Мен» бар, субъект бар, авторлық ұстаным бар. Біз өнегелі сөзді «анау айтты», «мынау айтты» деп, атын атап, түрін түстеп жатамыз. Бұл да – философияның оңды көрінісі.

Асан Қайғының жоғарыдағы сөзіне орай айтайын дегенім: қазақ ойшылдарының сөздері астарлы, бейнелі, салыстырмалы, қайшы мағыналы болып келеді. Махамбет дүниені, адам өмірін «өте шыққан қызыл гүлге» теңейді. Бернияз ақын өмірді «қызғалдаққа» теңейді, «қамшының сабындай қысқа», өтеді де кетеді.

Қызғалдақтай қызық өмір,  
Күні келсе, солмай ма?  
Еркін жүрген ерке көңіл,  
Қайғы-зарға толмай ма?  
Тасқан қайтып, толған солып,  
Сарғайтпай ма сондайда?  
Алтын жастық жалған болып,  
Аһ ұрар күн болмай ма?

Бұл сөздерді ғылыми тілде диалектикалық пайымдау деп атауға болады. Классикалық философияда том-том трактаттар арқылы баяндалатын философиялық ойды қазақ ойшылдары бірер шумақ өлеңге сиғызып, бір ауыз сөзбен білдіре береді. Қазақ ойы қысқа да нұсқа болып келеді.

Шэнгерей Бөкейұлына сөз берейік:

Ағаш едің құрма өскен,  
Ұршық болдың шуда өскен.  
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,  
Шығармалық мұны естен.

Мұнда диалектика да, даналық та, түсінік те бар. Көптеген философиялық ұғымдар – болмыс, жалпы, өзгеріс, терістеу, қарекет – бір шумаққа сыйып кеткен.

Абайдың қай өлеңі де, қара сөздері де осындай философиялық пайымдаудың үлгісі болып табылады.

Өмір, дүние дегенің  
Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің  
Ойлай берсең у екен.

Бірден ойымызға Фалес, Гераклит, Шопенгауэр, Ницше сияқты классиктер түседі.

Тағы да Абай:

Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Тұнып тұрған диалектика. Тек классикалық философиядан айырмашылығы - өмірден алынған, әркімнің басынан өткен, әркімге түсінікті, таңғажайып көркем.

Шәкәрім де шындықты көркем философиялық тілде ұршықтай үйіреді:

Шаранамен туып едің,  
Бөз оранып өтесің.  
Бір сағымды қуып едің,  
Қай уақытта жетесің?  
Қанша дәулет жиып едің,  
Бәрі қалды нетесің.  
Мал үшін жан қиып едің,  
Қайтіп алып кетесің?

Тағы да теңеу, бейнелеу. Көтеріліс жеңіліп, Исатай ағасы өліп, жалғыздық кешкен кезін Махамбет «мұнар күнге» теңейді. Кезіндегі қиын-қыстау алмағайып заманды Бұқар жырау «көк тұманға» теңейді:

Ай, заман-ай, заман-ай,  
Түсті мынау тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай.

Шәкәрім дүниені, өмірді «сағымға» теңейді.

Шал ақында:

Шешен жігіт дүрмен тең,  
Имансыз көңіл кірмен тең.  
Ақылы жоқ надандар  
Іс бітірмес жамандар  
Жүз болса да бірмен тең,-

деген жолдар бар.

Көп дейміз, көпке ден қоямыз. Бірақ көп болса да, жай топ, тобыр болып, ештеңені шешпеуі мүмкін. 37 қара сөзінде Абай: «Көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал», - дейді. Қазақ ойшылдары сөзін көпке, жұртқа, халыққа арнаса да, көптің жайын түсінген, дараны, тұлғаны дәріптеген.

«Сәулең болса кеудеңде» деген өлеңінде Абай:

Единица – жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ,  
Өз басындық болар сол.  
Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? – дейді «Единица» деп тұрғаны сол дара тұлға, өзін танып білген, өзінің борышын, міндетін, қоғамдағы орнын, рөлін түсінген есті адам. Қазіргі заман сондай тұлғаларға зәру. «Өңкей нөл» деп тұрғаны – көпшілік топ, «тобыр», «дүрмек».

Қазақ философиясында философияны құрайтын нәрселелердің бәрі бар: даналық, түсінік, диалектика, тәлім-тәрбие, қисын, жөн-жосық, аксиология. Қазақ

ойшылдары «Ананың мұраты не?» «Мынаның мұраты не?», «не қымбат?», «не асыл?» деп құндылықтарды тізіп тереді.

Бірақ бұлардың бәрі қазақ халқының өміріне, діліне, салтына, жағдайына сай басқаша, қазақ ойлауына жарасатын, қазақ ойлауын кәсіби философиядан бөліп тұратын тұрғыда бейнеленеді.

Философияда экзистенциалдар, экзистенциялық тақырыптар жиі ұшырасады. Батыста «экзистенциализм» деген Кьеркегордан, Шопенгауэрден, Ницшеден бастау алатын, XX ғасырда кең өріс алған бағыт бар. Бұл ағымның өкілдерін толғандырған нәрселер жеке адамның өміріне қатысты: көңіл күйі, қуанышы, реніші, күйініші, қайғы-зары, шері, үрейі, жалғыздығы, таңдауы, тәуекелі т.т. Мұндай тақырыптар тек Батыс философиясында, экзистенциализмде орын алған деп ойлау ағаттық. Бұл жөнінде би-шешендер, жыраулар, Махамбет, зар заман ақындары, Абай, Шәкәрім, Мағжан жиі-жиі толғанады.

Қорқыттың қайда барса да, көрге тап болуы; «Жерұйықты» таба алмай, халқының қамын ойлап қайғырған Асан Сәбитұлының Асан Қайғы атануы; Махамбеттің Жәңгір ханға, Баймағанбет сұлтанға ашынып айтқан уытты сөздері; Абайдың, Шәкәрімнің трагедиясы сол экзистенциалдық, шекаралық жағдайды сипаттайды.

Осыларды ескеріп, қазақ философиясын экзистенциалдық философия деп атауға әбден болады.

Батыстағы «герменевтика» деп аталатын философиялық бағыттың негізгі проблемасы – түсінік, басты мақсаты - діни, әдеби, философиялық мәтіндерді түсіну және түсіндіру.

Қазақ философиясында, би-шешендерде, жырауларда, Ыбырайда, жап-жас Шоқанда, Абайда дүние, өмір, адам, ізгілік-зұлымдық, шындық-жалған, ар-ұят, махаббат, обал-сауап туралы таңғаларлық терең түсінік бар.

Түсінік те - философияның бір қыры, тағы бір анықтамасы. Философия біліммен де, таныммен де айналысады. Бірақ бәрінен де гөрі түсінікке айрықша мән береді. Кейбір нәрселерді – тарихты, дінді, әдебиетті, Құдайды, адамды – танып білу жеткіліксіз, түсіну керек. Қазақтың «оқу бар, оқығанды көңілге тоқу бар» дейтіні осы түсінікті меңзеп тұрғаны.

